



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№10

(894)

18 наурыз

2022 жыл

СЫЙЛАСТЫҚ – БІРЛІК – БЕРЕКЕ

АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ!



Соңғы кезде көрісу мерекесін тек батыс өңірі ғана емес, көк өніп, көңілі марқайған ағайынның бәрі тойлап, дәстүр ел көлемінде ұлықталып келеді. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында ағайын алдымен мал-жанның амандығын сұрастырып, елдің бүтіндігін, өзара сыйластығын, береке-бірлігін ойлайды. Дәстүр бойынша 14 наурызда таң ата салысымен жасы кішілер үлкендердің шаңырағына амандық сұрап кіреді. Бірінші табалдырық аттағандардың осы елгезектігі үшін ағайын арасында мерейі үстем болып жүреді екен.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

БАС ПРОКУРОР: 3 770 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Мәжілістің жалпы отырысына келген бас прокурор Берік Асыллов депутаттардың сауалына жауап берді. Қаңтар қасіретінде қанша адам оққа ұшты, олардың тізімі неге жарияланбай отыр, тергеу барысы қалай өрістеуде? Осы тақылеттес сауалды жаңадан тағайындалған бас прокурор Берік Асылловқа қарша борады.

«Мемлекет басшысы құқық қорғау және арнаулы органдарға қаңтар оқиғасы себептерін егжей-тегжейлі тергеп, тексеруді тапсырды. Аталған фактілер бойынша барлығы 3770 қылмыстық іс қозғалды. Басым бөлігі Ішкі істер министрлігінің өндірісінде. Олар: адам өлтіру, ұрлық, қарақшылық, бұзақылық, қару-жарак тонау», — деді бас прокурор.



Фотом: bnd.kz

Сонымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті тергеушілері мемлекетке опасыздық жасау, билікті басып алуға ұмтылу, ірі көлемде пара салу бойынша 15 істі тергеп жатқанын хабарлады.

(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Тұрғылықты халқы жаппай көшкендіктен ауыл-ауылдың арасы арса-арса болып, тұрғындары сиреген солтүстік өңірді өркендету мақсатында оңтүстіктен теріскейге ел көшіруді қолға алғалы да он жылға жуықтапты. 2013 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы мақұлдаудан өтіп, іске қосылған еді.

Еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығысындағы облыстардың халық саны тығыз, демографиялық өсім көрсеткіші де көңіл қуантарлық. Ал солтүстіктегі облыстардың халқы, керісінше, азайды. Осыдан он жыл бұрын Үкімет ішкі көші-қонды жүйелі жолға қойып, қаңыраған ауылдардың тіршілік тамырына қайта қан жүгірту шаруасын ең алдымен ел көшіріп әкелуден бастағанды құп көрді.

Жең түрініп, тәуекелге бел байлап, теріскейді бетке алған ағайынға мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы, әлеуметтік көмек, басқа да жеңілдіктер бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көштің көшелі болуын жауаптыларға жүктеп, солтүстікке керуен басын бұрушыларды ынталандыру үшін жәрдемақы мөлшерін еселеп көбейтуді де тапсырған-ды.

Нұржамал Тамбетова – осы ішкі көші-қон шаруасына орасан үлес қосып келе жатқан жан. Өзі де бірнеше жыл бұрын көшті бастап теріскейге қазығын қақты. Кейіпкерімізбен сұхбат көші-қон тақырыбы аясында өрбіді.

ТЕРІСКЕЙДІ БЕТКЕ АЛ, ҚАУЫМ!



Jas qazaq: Өзіңіз бас болып, оңтүстіктен солтүстікке көшіп барғаныңызға жеті жылға ауды. Қандай он өзгерістер болып жатыр?

Н.Тамбетова: Иә, уақыт қалай тез шымырап барады десенізіші. Әрине, алғашқы жылдарға қарағанда ақжолтай жаңалықтар айтарлықтай көп. Ауылды елді мекендерге су құбырлары жүргізіліп, жолдар бүтінделіп, ауданның орталығындағы мешіт жөнделіп, етек-жеңімізді жинап алдық десек те болады. Балабақшаларда бала саны артып, қазіргі кезде орын да болмай қалатын дәрежеге дейін көтерілді. Сонымен бірге орталық базар қайта жөндеуден өтіп жатыр. Мектептерге күрделі жөндеулер жүргізіліп жатыр, толықтай жөндеуге есепте тұрған мектептер де бар. Тағы бір қуантарлық жәйт, қазіргі таңда көпбалалы жас отбасыларының көптеп көшіп келуі.

Jas qazaq: Солтүстік өңірді қазақыландыру, халқы жаппай көшіп кеткен ауылдарға қайта жан бітіру жұмыстарының нәтижесін айтсаңыз.

Н.Тамбетова: Бағдарламаның оңтайлы жағының бірі, ауылдарды сақтап қалу ғой. Дегенмен ондайда сол ауылдың азаматтары да атсалыспаса, жұмыс өз нәтижесін бермейді. Бұл жерде Сұлушоқы ауылының азаматы Қайрат Жәнібековті атап айтпау, әрине, әбестік болар еді. Ол жігіт өз қалтасынан қаржы шығындап, 10 тұрғын үй салды. Оңтүстіктен көшіп келгендерге қолынан келгенше жақсылық жасап, ауылмен бірге мектепті көтеруге атсалысты. Қазіргі таңда мектепте 86 бала оқиды.

(Жалғасы 3-бетте)

АҚЖОЛТАЙ

МЕКТЕПКЕ БЕРДІ ЕСІМІН...

Үкіметтің
2022 жылғы
14 наурыздағы
қаулысына сәйкес,
Нұр-Сұлтан
қаласындағы
8 мектепке
еліміздің көрнекті
қайраткерлері
мен тарихи
тұлғаларының
есімдері берілді:



- * Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейі;
- * № 49 Қошқе Кемеңгерұлы атындағы орта мектеп;
- * Кемел Ақышев атындағы № 69 мектеп-гимназиясы;
- * Роза Бағланова атындағы № 2 балалар музыка мектебі;
- * Ермек Серкебаев атындағы № 3 балалар музыка мектебі;
- * Дінмұхамед Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицейі;
- * Фариза Оңғарсынова атындағы № 77 мектеп-гимназиясы;
- * Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназиясы.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
98,37



DOLLAR
512,5



EURO
570



РУБЛЬ
5,4



ЖОЛДАУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жариялады.

Биылғы Жолдаудың мән-маңызы ерекше. Ондағы айтылған міндеттер бір жылмен шектелмейді. Ауқымы кең, мазмұны бөлек. Биік максаттар қойылды. Айқындалған бастамалар еліміздің саяси жүйесін және әкімшілік-аумақтық құрылымын барынша өзгертуге бағытталған. Жолдаудағы міндеттерді іске асыру үшін Конституцияға 30-дан астам өзгертулер енгізіледі.

Мемлекет басшысы ең алдымен қайғылы қантар оқиғасына баға берді. Ішкі және сыртқы жаулардың өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келгенін айтты. Халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, қасақана арандатқандарға қатысты тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Лауазымы мен қоғамдағы орнына қарамастан, кінәлілер тиісті жазасын алады.

Бүгінде геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты еліміз қаржылық-экономикалық қиындықтарға тап келіп отыр. Қатаң санкциялық шектеулер жекелеген елдерді ғана емес, жаһандық экономиканы орасан шығынға батырды. Ғаламдық нарықты белгісіздік пен тұрақсыздық жайлады. Өндіріс

конституциялық тұрғыдан бекіту қажеттігін айтты. Олардың мемлекеттік саяси қызметші және квазимемлекеттік секторда басшы лауазымдарын иеленуіне заңнамалық тұрғыдан тыйым салынады. «Парламент рөлін күшейту «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз Жана Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет қағидатын басшылыққа аламыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА

пен сауда жүйелері күйреп жатыр. Мемлекет басшысы: «Дегенмен байбалам салуға негіз жоқ. Бізге ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен тетіктер бар. Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруға міндетті. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл — біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы», — деп атап көрсетті.

Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан кәзіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқтырды. Таяу уақытта бұл бағалар әрмен қарай өсуі мүмкін. Сондықтан егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Үкімет пен әкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуы тиіс. Шаруалардың қажетті жанар-жағармайды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек. Президент ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын қайта тексеру керектігін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев саяси реформаларды жүзеге асыру аясында Президенттің өкілеттігін қайта қараудың маңызы екеніне тоқталды. Қазақстан дамуының саяси моделін қайта құру бойынша сындарлы қадамдар қажет. Ендігі кезде суперпрезиденттік жүйеден мықты Парламентті бар президенттік республикаға көшу міндеті тұр. Мемлекет басшысы өз өкілеттігі кезінде партияға мүше болуын тоқтату міндетін заңнамалық тұрғыдан ресімдеуді, әкімдер мен олардың орынбасарларының партия филиалдарындағы қызметіне тыйым салуды ұсынды. Сондай-ақ Президенттің жақын туыстарына қатысты норманы

Ал саяси реформаларда биліктің заң шығарушы саласына қатысты мәселе қамтылады. Сенатты жасақтау тәртібі мен оның бірқатар қызметі қайта қаралады. Мемлекет басшысы Парламенттің жоғарғы палатасындағы президенттік квотаны 15-тен 10 депутатқа дейін қысқартуды ұсынды. Сондай-ақ Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы алынып, Сенатқа беріледі. Осы ретте олардың саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады. Сондай-ақ сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау үдерісін жаңғырту, партия жүйесін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері қарастырылған. Партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетіледі. Оларды тіркеу шегін төрт есе, яғни 20 мыңнан 5 мыңға дейін төмендету ұсынылды.

Мемлекет басшысы құқық қорғау институттарын күшейтуге, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуға баса мән берді. Негізгі Занның ережелерін мүлтіксіз орындауды қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құруды, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық Құрылтай құруды ұсынды.

Ауқымды саяси реформалар еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруге де қатысты болмақ. Мемлекеттің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді. Осы орайда Президент Абай және Ұлытау облыстарын құруды ұсынды. Бұл облыстардың орталықтары Семей және Жезқазған қалалары болады. Алматы облысы да екіге

бөлінеді. Алматы облысының орталығы Қапшағай және Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы болмақ. Бұл жаналықты аталған жердегі тұрғындар зор қуанышпен қабылдады. Өйткені облыс мәртебесінен айырылған өңірлерде халық саны азайып, тұрмыс сапасы төмендеді. Енді әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барып-келуі жеңілдейді.

Құбылмалы жағдайда мемлекеттік аппарат ахуалға қарай жедел әрі үйлесімді әрекет етуі керек. Шешім қабылдаудың

баяу стилі мен шенеунік формализміне бұл жерде жол беруге болмайды. Шешімдер бизнес пен азаматтардың шынайы сұраныстары негізінде жылдам, ары кетсе 3 күн ішінде, әйтпесе, тәулік ішінде қабылдануы керек.

Президент Үкімет жанынан құрылған жедел штаб нақты уақыт режимінде ақпаратқа талдау жүргізетін, сондай-ақ нақты шұғыл шаралар әзірлейтін ахуалдық орталық ретінде бір мезгілде жұмыс істеуі тиіс. Жүйелі деңгейде елдің дамуын тежейтін шектен тыс бюрократияны жою қажет.

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі. Әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор. Көп елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Электронды, мерзімнен бұрын, қашықтан көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

Енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл халық қалаулыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жана саяси мәдениетті қалыптастырады. Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Талап ТІЛЕГЕН

Қаңтар оқиғасы

(Басы 1-бетте)

БАС ПРОКУРОР: 3 770 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Бұл істер бойынша ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы К.Мәсімов пен оның үш бірдей орынбасарына сот санкция салып қамауға алынғаны, бұдан бөлек ҰҚК-нің тағы екі лауазымды тұлғасына қылмыс асыра пайдалану күдігі бойынша қылмысқа тартылғанын жеткізді.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан бас прокурорға депутаттар бірнеше қалаға барып қантар оқиғасына қатысты қамалғандардың туыстарымен, қорғаушыларымен, қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесіп, зардап шеккен кәсіпкерлермен, жаракат алған әскерилермен кездескенін, өртенген ғимарат, техника, стратегиялық маңызы бар нысандарды аралағанын айтып, тергеу ісі ешқандай бүкпесіз, жасырып-жабусыз, ашық әрі әділ жүргізілуі керек екенін жеткізіп, депутаттық сауал жолдады.

Депутат мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылған қадам айтылған қантар қасіретіне қатысты тергеу кезінде қару ұрлағандар, басты ұйымдастырушылар кімдер? Тергеу изолаторындағылардың кәзіргі жайы қалай, арандатқан кімдер, арандатуға ілескендер анықталды ма? Күдіктілердің құқығы тапталып жатқан жоқ па? Ж.Әшімжан көптің көкейіндегі сауалдарға ашық, әділ жауап берілуі керек деді.

Бас прокурор қантар қасіретін ұйымдастырушылар бұл іске жоспарлы түрде дайындалғанын, еліміз отыз жылдың ішінде мұндай опасыздықпен алғаш рет бетпе-бет келгенін айтып, қылмыстың өрістеуін баяндады.

Жаңаөзен халқының бейбіт түрде митингке шығып, газ бағасын төмендетуді талап етуінен басталғанын, бастапқыда ешқандай саяси қадам болмағанын, әлеуметтік-экономикалық талап қойылғанын айтты. Жаңаөзенге барған Үкімет комиссиясы газ бағасына қатысты көпшіліктің талабын орындап, келісімге келгенмен, еліміздің басқа өңірлеріндегі қалаларда халық толқып көшеге шыққанын, қатысушылардың жалпы саны екі күннің ішінде 50 мыңнан асып, бейбіт жиынның соңы аласапыранға ұласқанын жеткізді.

Мемлекет басшысы шеруге шыққандарға үндеу жолдап, басу айтып, занды сақтауға, арандатушыларға ермеуге шақырды. Алайда бейбіт халықты өз мақсатына пайдаланушы қылмыстық топ пен радикалды бағытты ұстанушы адамдар да білек түріне белсенді әрекетке көшті.

Берік Асыллов ұйымдастырушылардың адамдарды жинауда уатцап пен телеграм желісін онтайлы пайдалағанын, оларды тас, темірмен жарактап, «Молотов коктейлін» де ұстатқанын айтты.

Ұйымдасқан топ тонаудан соң ізін суытып, дерегін қалдырмау мақсатында сауда нысандарын ғана емес, көп қабатты үйлердің бірінші қабатындағы пәтерлерді де өртегенін айтты. Алматыдағы Президент резиденциясына, қалалық әкімдік ғимаратына, полиция департаментіне, ҰҚК ғимаратына қару топ мақсатты түрде шабуылдағанын жеткізді. Алматы әуесжайы сынды стратегиялық маңызды нысандарды басып алушылар қару дүкендерін қиратып кіріп тонап, теледидарлар тікелей эфирге шығуды талап етіп, ол мақсаты орындалмаған соң телеарналар ғимаратын қиратып өртеді деді. Ұйымдастырушылар көше қозғалысын шектеп, көлік жүргізушілерді де мәжбүрлеп «тірі қалқан» жасағанын да атап өтті.

Бас прокурор Мемлекет басшысының құқық қорғау, арнайы органдарға қантар қасіретінің себептерін тереңдей тексеріп, тергеуді тапсырғанын, оқиға бойынша 3 770 қылмыстық іс қозғалғанын жеткізді.

Қуаныш РАХМЕТ

ҮН ҚОСУ

Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ,
Сенат депутаты:

«Президенттің Жолдауы елдің бәрін мазалаған сұрақтарға жауап берді. Жолдауда айтылғандай, өзгеріс әркімнің өзінен басталуы керек. Президент осы қағидатты өзінен бастады. Суперпрезиденттік республика емес, күшті Парламентті бар президенттік республика қажет. Билікті монополизациялауға жол беруге болмайды.

Сондықтан да «Қасіретті қаңтардың» маңызды сабақтары билік институттарын түбегейлі жаңғыртууды қажет етеді. Осыған орай шексіз президенттік билікті шектеуді ұсынды.

Болашақта Президенттің ет жақын туыстары жоғары саяси мемлекеттік қызмет атқара алмайтын болады. Мемлекет басшысы өзінің лауазымдық қызметін атқаратын мерзім ішінде «Аманат» партиясының төрағасы қызметінен кететінін мәлімдеді. Енді әкімдер әр аймақтың партия филиалдарын басқармайды. Президент Орталық сайлау комиссиясы мен оның мүшелерінің, Есеп комитеті мен Конституциялық Кеңес мүшелерінің партияға мүше болмайтынын атап өтті. Бұл — демократиялық таңдау жолы. Ерекше ұсыныс Ұлттық құрылтай құру қажеттігі болды. Ол атам заманнан бері қалыптасқан дала демократиясын жаңғырту мақсатында жүзеге асырылмақ.

Жаңа Қазақстанның жаңа жаңғыру жолы басталды.

Мемлекетті қорғау, тәуелсіздікті қорғау жалғыз Президенттің міндеті емес.


Отанымыз бір, жүрегіміз де, тілегіміз де біреу. Ол — егемен ел Қазақстанға қызмет ету. Бір болайық, бірге болайық, ағайын!».

Ғазиз ҚҰЛАХМЕТОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Президент ұсынған реформаның негізгі мәні — мемлекет, яғни билік өкілдері мен бұқара арасында нақты нәтиже беріп, қордаланған проблемалардың жүйелі шешімін табуға арқау болатын екіжақты тиімді диалог ұйымдастыру. Аймақтық, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының белсенділігін жетілдіру, азаматтық қоғам институттарының

рөлін нығайтуды көздейді. Жүйенің қалыптасуына кедергі тигізіп отырған әкімшілік ықпал, әсерді әсіретуге бағытталған. Аймақтық-әкімшілік реформа мемлекеттік басқару органдарын анағұрлым халыққа жақындатып, өңір-өлкенің кешенді дамуын өндірістік, әлеуметтік, инфра-құрылымдық тұрғыдан қамтамасыз етуі тиіс.

Президент саяси реформаларды кезең-кезеңімен және табанды түрде жүзеге асырып келеді. Жүйелі жұмыстың негізі де байқалады. Кейінгі үш жылда еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғырту қажетті, әрбір азаматтың саяси сауаты мен саяси мәдениетін қалыптастырудан тыс, меңгеру деңгейінің сапасы да маңызды екенін айтып жүр. Себебі саяси реформаның экономикалық реформалармен қатар жүруі өзікті. Табысты экономикалық өсім саяси жүйенің ікемділігіне де байланысты. Ал саяси жүйенің негізгі формуласы: мықты Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет. Бұл қағида жүзеге асырылғанда ғана қоғамның ашықтығы, саяси бастамалардың жариялылығынан үлкен қайыр бар. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының өміршеңдігі де жұрт үшін маңызды».



Марат ӘСЛИХАНОВ, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары:

«Жолдауда саяси реформалар бағдарламасы жарияланып, бұл Жаңа Қазақстанның мемлекеттік құрылысының жаңа кезеңінің басталуын белгіледі. Аталған реформалар Қасым-Жомарт Тоқаев президент болған алғашқы күндерінен бастап қолға алған түбегейлі өзгерістердің қисынын әрі ауқымды бағдарламасын көрсетті, өйткені оның бастамасымен қолға алынған барлық реформалар елдің көптен күткен реформалары болып табылады. Мемлекет басшысы біздің басты үнемдеу ресурсымыз — халық бірлігі екенін тағы да атап өтті. Халықтың бірлігі Қаңтардағы оқиғалар кезіндегі ең қайғылы сценарийлерді жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Ұлт бірлігі — ауқымды өзгерістерді жүзеге асырудың басты шарты. Президенттің ар азаматтың жаңа Қазақстанның құрылысына болуға шақырды. Біз баріміз жақсы жаққа қарай ауқымды өзгерістердің алдында тұрмыз. Қазір баршаға түсінікті әрі ортақ осы мақсатқа жетіп, осы жолды бірге өңеру үшін халықтың бірлігі бұрынғыдан да аса қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа Жолдаудың міндеттерін толық қолдайды және оларды іске асыруға белсенді қатысады».

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Келесі жылы, Алла жазса, ауылға жана мектеп салынады деген жоспар бар. Жол жөнделіп, ауылға су жүйесі жүргізіледі. Сонымен қатар Бейнеш ауылының тұрғындары да қарап отырған жок. Оңтүстікте Ордабасы ауданынан көшіп келген бастауыш мұғалімі Нұргүл Пазылбекова деген сіңліміз ауыл мектебінің оқушылар санын арттырып, өз таныстарын ауылға тартып жатқан жайы бар. Тек өкініштісі, ауылда тұрғын үй жок. Осындай себептер бағдарламаның толыққанды жүруіне кедергі. **Jas qazaq:** Мағжан Жұмабаев ауданында білім бөлімінде әдістемелік бөлімнің менгерушісі болып қызмет еттіңіз. Солтүстікке көшу процесінің ең негізгі ұтқаны — жабылудың алдында тұрған мектептердің есігіне қара құлып салдырмады. Қаншама оқушы келіп, білім ошақтары қайта жанданды. Осыған тереңдей тоқталып айтып берсеңіз.

Н.Тамбетова: Иә, ол қызметте істегенім рас. Алғашқы індет жайлағанда бірінші болып ауырғандардың қатарына ілініп, денсаулығыма байланысты ол қызметті тастауға мәжбүр болдым. Қазіргі таңда Октябрь елді мекеніндегі орта мектепте директордың тәрбие жұмысының орынбасары болып жұмыс істеймін. «Әр қазақ — менің жалғызым» дегендей, біз үшін әр бала мектептің жаны десек те болады. Жетістіктің алды деп ойлаймын, көшіп келген отбасылардың күшімен орыс мектебінің жанынан қазақ сыныптары ашылды. Алғашқы жылдары тек бастауыш сынып болса, қазіргі таңда 9-сыныпқа дейін жеткіздік. Бұйырса, соларды 11-сыныпқа дейін толықтырамыз деген ойдамыз. 5 отбасын көшіріп алып келуді жоспарлап отырмыз. Бұл жерде де, бір өкініштісі, тұрғын үй мәселесі шешілмей тұр. Осы жерде айта кету керек, бағдарлама бойынша көпбалалы мұғалімдер отбасын тартсақ жөн болар еді. Бір окпен үш қоянды торға түсіреміз. Біріншіден, бала саны көбейеді. Екіншіден, жұмыссыз жүрген мұғалімдер жұмыспен қамтылады. Үшіншіден, қазақ сыныптары ашылады. Ең ұтымдысы — ауыл жаңғырады. Осы дүниенің оңтүстік өңірдегі мұғалімдердің түсінбейтіні де көшіп келушілердің қатарын толықтыруға сеп болмай отыр. **Jas qazaq:** Оңтүстіктен солтүстікке көштің нәтижесінде теріскейдің қазақылануы байқала ма? Оңтүстіктің салтын, ғұрпын ұстанған жандар қазақы үрдісті солтүстіктегі орыстілді ортаға сіңіріп жатыр ма?

Н.Тамбетова: «Көш жүре түзеледі» деген ғой атам қазақ. Әрине, теріскейдегі ағайындар да өзіміздің салт-дәстүрден құр алақан емес. Өзге тілде сайрап тұрса да, кеудесіндегі жүрегінің түбінде «қазақтың» деген оты өшпегенін байқау қиын емес. Қазіргі таңда алғашқы жылдардағыдай жатырқай қарамайды. Жылдан-жылға бір-бірімізге деген сыйластығымыз артып, құда-жекжат болудың да жолдарын қарастырып жатқандар бар. Адамның мейірімі көзінде дегендей, тонның ішкі бауындай жақын араласып, қойымыз қораласқаннан кейін, ара алшақтығы жойылып барады. Әрине, ол қуантарлық жағдай. Енді бір 10 жылда арақатынас мұнан да жақсы болады деп үміттенемін.

Jas qazaq: Көшіп келушілерге ең алдымен керегі — жайлы баспана, одан кейінгі негізгі шаруа — тұрақты жұмыс орны. Бұл жағы қалай шешіліп жатыр?

Н.Тамбетова: Мемлекеттік бағдарламамен баспана салынып жатыр. Әрине, қымбатшылыққа байланысты кейбір жаңадан салынып берілген тұрғын үйлердің сапасы төмен. Дегенмен қолынан іс келетін, қармағына мықты жігіттер оны да игеріп, арбасын сындырмай, өгізін өлтірмей, күндерін



Н.Тамбетова: Бізге, жасыратыны жоқ, бала санын арттыру мақсатында жас маманнан бұрын отбасын құрған мамандық иелері ауадай қажет. Әрине, жас маман келсе, «қажет емес» деп көкірегінен итеретін ешкім жоқ. Дегенмен ниет білдірген жастардың көпшілігін ата-аналары жібермей жатады. Менің тәжірибемде болған жағдай. Фельдшер болып жұмыс істеп жүрген жас маманды бір жылдан кейін анасы ауылына шақыртып, қайтарып алды. Естуімше, сол маман ауылына барып, біреуге жалдамалы қойшы болып нәпақа тауып жүрген көрінеді. **Jas qazaq:** Оңтүстіктен солтүстікке көштің жайын өзіңізден терең білетіндер кемде-кем. Өйткені басы-қасында бас бұйдасын ұстап жүрсіз. Қандай түйткілді мәселелер бар осы көш төңірегінде?

Н.Тамбетова: Бағдарлама мемлекеттік болғанда да, осы арада бір-біріне сілтеу көп деп ойлаймын. Министрлік облысқа, облыс ауданға, аудан жергілікті ауыл әкімшілігіне тапсыра салады. Бірізділік пен бір жүйелілік жоқ. Аяғын ұстасаң, басын таппайсың. Сонын салдарынан

ТЕРІСКЕЙДІ БЕТКЕ АЛ, ҚАУЫМ!

көріп жатыр. Жұмыс орны көшіп келушілердің мамандығына байланысты, кейде тез табылады. Кейде біраз күтуге тура келеді. Көшіп келген отбасылардың көпшілігі жақсы өмір іздеп келеді. Өйткені оңтүстік өңірлерде коммуникация жақсы дамыған. Бізде ол жағы — бір кем дүние. Коммуникацияға енді ғана ден қойылып жатыр. Олар келгенде «барлығы дайын болса, тек келіп, өмірімді ары қарай жалғастыра берсем» деген ойдың қамауынан шыға алмайды. Бірақ олай болмайды ғой. Иә, көшіп келген отбасыларға жергілікті әкімшілік қол ұшын береді. Соны ары қарай алып кететін өз бойында ептіліктің болуы шарт. Теріскейге өзін көшіріп әкелген отбасылардың кері кетіп қалғандары болды. Олар аш қалып, күнін көре алмағаннан кеткен жоқ. Қарыздарынан құтылып, қалталарына қосымша қаржы жинап кетті. Бастапқы келген ойлары солай болған соң, алған беттерінен қайтпады. Кері қайтуды жоспарына енгізбеген отбасылар тамаша күй кешуде. Сабыр түбі — сары алтын. **Jas qazaq:** Білім саласында кадрлар жеткілікті ме? Жас мамандарды тарту арқылы да көштің көшелі болуын ұйымдастыруға болады ғой?



тастауға кім және не кедергі? Неге көшіп келген отбасы көсіле жұмыс істей алмайды? Мүмкін бағдарламаны «мемлекеттен бөлінген қаржыны ақтамады» деп жауып тастаудың бір жолы ма? Осындай неге деген жауабы жоқ, сұрақ мол. Бұл бағдарламаның барлық жакқа пайдасы бар екенін шамам келгенше айтты өтейін.



тасбака жүрістен арыла алмай келеді. Көкейімді сансыз сұрақтар мазалайды. 50-60 жылдары тыңды көтергендей етіп, 5 жылдың ішінде теріскейді басқа өңірдің халқына толтырып

орныннан қозғал. Олай болмаған жағдайда жылы орныңды суытпа» дедім. «Бұл жақта пайда тауып болған соң, үкіметті алдап қайта көшіп кетемін деп ойлама» десем, әлгі жігіт «ондай арамзалыққа үкімет үйретті ғой» дегені. «Қарағым-ау, адамның адал немесе арам болуы өзіне байланысты. Өзінің арам пиғылынның қалыптасуына үкіметтің не қатысы бар» дедім. Телефон байланысы үзіліп кетті осы арада. Жас жігіт қайта хабарласпады. Әрине, халық болған соң әр түрлі адамдар кездесе береді. Дегенмен бағдарламаның түбегейлі мақсатын дұрыс түсінбеудің өзі, көштің ілгерлеуіне үлкен қиындық туғызып тұр. «Аманат», «парыз», «ұрпақ алдындағы міндетім» деген сөз тіркестері адамдар санасынан шығып кеткендей. Тілім жеткенше айттым. Артық кеткен жерім болса, кешірім сұраймын. Менің жанайқайым — елдің, болашақ ұрпақтың қамы. Жер үшін дауға түскен ата-бабамыздың әруағы разы болсын, ағайын. Көшу үшін ең алдымен ниеттеріңізді тура болсын. Онсыз іс алға баспайды.

Сұхбаттасқан Қуаныш КӨШЕК

АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ!

(Басы 1-бетте)

Сыйластық – Бірлік – Береке

Мұнайлы мекендегі Көрісу күні биыл салтанатты жағдайда басталды. Айтулы шарада облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов атыраулықтарды көнеден келе жатқан көрісу мерекесімен құттықтады. Өңіріміздің зиялы қауым өкілдерімен бірге аймақ басшысы халқымыздың сонау ертеден келе жатқан салт-дәстүр, жөн-жоралғылары рәсімін көрді. Өнерпаздар әрі қарай көшпелі сахна арқылы Көрісу мерекесіне негізделген театрландырылған көрініс пен концерттік бағдарламаны қаланың әр жеріне барып, жұртшылыққа ұсынды. Қоғамдық көліктерде тұрғындармен көрісті. Хиуаз Доспанова атындағы халықаралық әуежайда келуші қонақтар мен жолаушыларды қарсы алып, оларға ерекше тілектерін арнады. Мұнан соң, қала көшелерін аралап, «Абай» атындағы оқушылар сарайында балаларға арнап концерттік бағдарламалар ұсынды. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайынан бастау алған жылжымалы концерт ұжымы вокзал маңында тұрғындарды мерекемен құттықтады. Көпшілік мерекелік көңіл-күй сыйлаған өнер ұжымына риза болып «Бір жасыңмен» деп жылы лебіздерін білдіріп жатты.

Қойшығұл ЖЫЛҚЫШИЕВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын:

«Бұрындары бүгіндей жылы, барлық жағдайы бар көліктер, тақтайдай тегіс, сайраған жол болмаған. Қытымыр қыстың тұтқынынан босаған халық ағайынның амандығын білу үшін тоңның жібіп, жердің көбесі сөгілгенін күтетін. Өйткені жақын орналасқан қыстаулардағы бауырлардың біріне бірінің баруы қиын еді. Ал қазір ше? Мүмкіндік көп болғанмен «уақыт жоқ» деген сылтаумен қазақтың бір-біріне деген ілтипаты, бауырмалдығы азайып барады. Сондықтан Көрісу — елдің ынтымағын сақтайтын, бұқараның бір-бірімен сыйластығын нығайтатын тамаша салт болып қала бермек. Бүгіндей жаһандану заманында қазақтың ұлт ретінде, мемлекет ретінде сақталуы алдымен ұлттық иммунитетке байланысты десек, осы орайда салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты сақтап, өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп отыру маңызды. Олар үшін 31 желтоқсанда түнгі сағат 12-ні күту қаншалықты мәнге ие болса, 14 наурызды ерекше ілтипатпен күтіп, ұлық күннің ұлылығын сезіну маңызды».



Қадырғали ТАҢҚИЕВ, Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы:

«Біздің әулетте сегіз атадан тараған ұрпақтың жыл сайын кездесуі дәстүрге айналған. Бір жылы бір атаның ұрпақтары мейрамханада дастархан жайып, көрісу кездесуін ұйымдастырса, одан кейінгі жылы бұл эстафетаны келесі атаның үрім-бұтағы жалғастырады. Осылай тізбектеліп кете береді. Бұл үрдіс, бір жағынан, жыл бойы тіршілік күйбеңмен көрісе алмаған ағайынның арасын жақындатады. Өскелең ұрпақ та бірін-бірі танып, білісіп жатады. Екінші жағынан, қазақтың қан тазалығын сақтауға да септігі бар. Көрісу дәстүрі адамды өзара сыйластыққа, бір-бірін құрметтеуге, жақсылық пен ізгілікке тәрбиелейтін құндылық қой. Осындай өз ішіміздегі дәстүрді көріп өскен қазіргі жас — ертеңгі біздің жолмызды жалғаса деген тәрбиелік мәні бар ойдан туған игі іс».

Нұргүл НАСЫР, Атырау облысы

НАРЫҚ

Қаржы саласы

Соңғы кезде ғаламторда өліміздің қаржылық ахуалы жайында сан қилы пікір айтылып жатыр. Соған орай Үкімет апта бастала салысымен ресми мәлімдеме жасады. Ұлттық банк сыртқы нарықтағы ахуалға мониторинг жүргізіп, Ресейге қарсы санкциялардың өліміздің қаржы жүйесіне әсер ету деңгейін анықтады.

ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Мәлімдемеде айтылғандай, жағымсыз сыртқы экономикалық құбылыстарға жедел ден қою шеңберінде Үкімет пен Ұлттық Банк Бірлескен іс-қимылдар жоспарын іске асыруда. Қаржы нарығының орнықтылығын және теңгелік депозиттердің тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет Ұлттық банкпен

қарсы шаралар жөніндегі жедел штаб отырыстары өткізіледі. Экономикалық жағдайдың түрлі сценарийлері бойынша шешімдер пысықталады. Осы орайда Үкімет тек ресми ақпарат көздеріне сеніп, үрейленбеуге шақырды.

ТЕҢГЕ РУБЛЬГЕ «ІЛЕСЕ» МЕ?

Шетел валютасына қатысты жұртты толғандыратын бір мәселе — теңгенің рубльге шаққандағы бағамы. Терістік көршімен сауда-саттықтың тығыз екенін ескерсек, теңге/рубль бағамы бірқатар факторларға байланысты қалыптасады. Бұған қатысты түсінік берген Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова: «Нарықтағы белгісіздік жағдайында біз орынсыз үрейленбеуге және шетел валютасын сатып алуда әбден ойланып шешім қабылдауға кеңес береміз. Ұлттық банк нақты уақыт режимінде әлемдегі ахуалды қадағалап отырады. Жағымсыз сценарийлер орын алған жағдайда, ішкі қаржы нарығындағы тұрақсыздықтың алдын алуға қажетті құралдары бар», — деді.

емес, қалыптасқан жағдайға байланысты халық пен бизнестің алаңдаушылығынан туындап отыр. Бірақ еліміздің экспорты мен саудасына санкция салынбағанын есепке алғанда, бұлайша қауіптенуге негіз жоқ. «Қазір XIX, яғни «үрей индексі» инвесторлардың нарық қозғалысына қатысты алаңдаушылығын көрсетті. Оған қоса, инвесторлар АҚШ ФРЖ тарапынан монетарлық күшейтудің басталуын күтеді. ФРЖ наурыз айында мөлшерлемені 0,25 пайызға көтеруді көздеп отыр. Соған қарамастан, отандық валюта нарығы үшін мұнай және басқа да экспортталатын шикізат бағасының көтерілуі сияқты іргелі факторлардың есебінен қолайлы жағдай қалыптасты. Сондықтан отандық экспорттаушылардың валюталық түсімі объективті түрде өсуі тиіс. Бұл біздің нарықтағы шетел валютасын ұсыну көлеміне қатысты», — деді Ә.Молдабекова.

ДЕПОЗИТКЕ КЕПІЛДІК

Өз кезегінде Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБК) да хабарлама тартты. Занда белгіленген шекке сай, отандық банктердегі депозит шоттарының 99,8 пайызы толық көлемде кепілдікпен қорғалған. Биылғы жылы қантарда теңгелік жинақ салымдар бойынша кепілдік берілген ең жоғары өтем сомасы 15 млн теңгеден 20 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Бір банкте жинақ салымынан басқа депозиттердің немесе шетел валютасында депозиттің басқа түрі бар салымшыларға өтемақының жалпы сомасы 20 млн теңгеге дейін көбейтілді. Теңгелік депозиттердің анағұрлым икемді түрлері, атап айтқанда, мерзімді және мерзімсіз салымдар, ағымдағы шоттар мен төлем карточкаларындағы ақшалар, сондай-ақ шартты салымдар мен талап етілмелі салымдар бойынша 10 млн теңгеге дейін кепілдік берілген. Шетел валютасындағы депозиттердің кез келген түрі бойынша кепілдік берілген максималды өтем

сомасы — 5 млн теңге (валюта баламасымен). Бірнеше банкте орналасқан депозиттердің әрқайсысы жеке кепілдендіріледі. Бір банкте депозиттердің бірнеше түрі мен валютасы бар, соның ішінде теңгедегі жинақ салымы бар ірі салымшылар үшін Қордың жалпы ең жоғары кепілдігі — 20 млн теңге. Екі ислам банкін есептемегенде, қазір депозиттерге кепілдік беру жүйесіне отандық 20 екінші деңгейлі банк кіреді. ҚДКБК арнайы резервинде оның жарғылық капиталының 70 пайызын қоса есептегенде (ол өтем төлеуге пайдаланылуы мүмкін), 856 млрд теңге бар. Жинақталған резервтің көлемі жеке тұлғалардың депозиттік базасының шамамен 7 пайызын құрайды. Бұл заңнамада көзделген 5 пайыздық деңгейден жоғары. Осылайша қазақстандықтардың жинақ ақшалары заңнамада белгіленген кепілдік берілген өтем сомасы деңгейінде толық қорғалған.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

Тұрғын үй

Әсия Нұртазинова — біржолғы зейнетақы төлемдерінің көмегімен пәтер сатып алған алматылықтардың бірі. «Отбасы банкінде» арнайы шот ашып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) өтінім берудің оңай екеніне көз жеткізген салымшы басқаларға осындай таптырмас мүмкіндікті жіберіп алмауға кеңес береді.



1 сәуірден бастап зейнетақы қорындағы жеткіліктілік шегі екі есе дерлік көбейетіні мәлім. Сондықтан дәл қазір жинақ қаражатты пәтер сатып алмайтын немесе алғашқы жарна ретінде қолдануға жеткіліксіз азаматтар біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) «Отбасы банкіндегі» депозиттеріне аударса болады. Еске түсірсек, 2021 жылдың 16 желтоқсанында тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында БЗТ пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістер күшіне енді. Осыдан кейін қазақстандықтарға шекті мөлшерден асатын қаражатпен «Отбасы банкіндегі» депозитті толықтыру мүмкіндігі ұсынылды. Нәтижесінде бүгінгі күні жеткіліктілік шегінен асатын зейнетақы жинақтарының көмегімен 68 мыңнан астам адам «Отбасы банкіндегі» депозиттерін жалпы сомасы 117 млрд теңгеден астам сомаға толықтырды. Күн сайын БЗТ-ін банктегі жинақ шоттарына 1 мыңға жуық адам аударып отырады екен. Ондағы 35 жасқа дейінгі салымшылардың үлесі 30,4 пайызға жеткен.

Ләззат Ибрагимова,
«Отбасы банк» АҚ
Басқарма Төрайымы:

«Enpf-otbasy.kz платформасының іске қосылғанына бір жыл болды. Осы уақыт аралығында 600 мыңға жуық қазақстандық жалпы сомасы 2,3 трлн теңгеге тең БЗТ-ін тұрғын үй жағдайын жақсарту мен емделу мақсаттарына жұмсады. БЗТ пайдалану мақсаты бойынша бірінші орында — тікелей сатып алу тұр, оны 235 мың адам таңдады. Екінші орында — «Отбасы банкіндегі» несие бойынша қарызды өтеу мақсаты. Бұл опцияны 72 мың қазақстандық қолданды. Үшінші орында — «Отбасы банкіндегі» салымды толықтыру. Бұл мүмкіндікті қазірдің өзінде 68 мың адам пайдаланып үлгерді».

Әсия НҰРТАЗИНОВА, салымшы:

«Мен зейнетақы қорында жиналған ақшамның бір бөлігін пайдаланып, пәтер сатып алдым. Баспаналы болғысы келетіндер осындай оңтайлы мүмкіндікті құр жібермесе өкен деймін. Зейнетақы қорындағы шекті мөлшерден артылған қаражатымды осылайша тиімді пайдаландым деп ойлаймын. «Отбасы банкінде» ашып қойған депозитім де үлкен көмегім тигізді».

1 сәуірге дейін БЖЗҚ-нан депозитті толықтыру үшін не істеу керек?
Ең алдымен enpf-otbasy.kz платформасында 28-29 наурызға дейін өтінім беру керек. «Отбасы банк» 2 күннің ішінде өтінімді қарап, әрмен қарай БЖЗҚ-на жібереді. 31 наурызға дейін қабылдаған өтінім бойынша біржолғы зейнетақы төлемдері биылғы жылдың 1 сәуіріне дейін бекітілген жеткіліктілік шегі бойынша төленеді. «Отбасы банкіндегі» арнайы шотқа БЗТ келіп түскен соң, салымшы ақшаны жұмсау мақсатын таңдап, қажетті құжаттарды өткізуіне 20 жұмыс күні бар. Мұны enpf-otbasy.kz порталындағы жеке кабинетінде жүзеге асыра алады.



БЗТ ҚОСЫЛҒАН ШОТТАРҒА ЖЫЛ САЙЫН 2% БАНК СЫЯҚЫСЫ МЕН 200 АЕК-ТЕН АСПАЙТЫН ЖИНАҚ СОМАСЫНА 20% МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚАҚЫ ҚОСЫЛЫП ОТЫРАДЫ. АЛҒАШҚЫ ЖАРНА ЖИНАЛҒАННАН КЕЙІН БҰЛ ДЕПОЗИТТИҢ КӨМЕГІМЕН 3,5%-ДАН 8,5%-ҒА ДЕЙІНГІ МӨЛШЕРЛЕМЕМЕН БАНКТЕН НЕСИЕ АЛУҒА БОЛАДЫ.

Депозитті қандай мақсатта жұмсауға болады?
«Отбасы банкіндегі» БЗТ қосылған депозит көмегімен үш жыл ішінде:

- бір банктік қарыз шарты бойынша баспана алу үшін тұрғын үй, аралық немесе алын ал заем алуға, оның ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- несиені қайта қаржыландыруға;
- жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу және үй салуға арналған жер телімін сатып алу мақсатында пайдалануға болады.

БЖЗҚ салымшысы шешімін өзгертсе, депозитті жаппай, БЗТ-ін зейнетақы қорына қайтара алады. Бұрын бұл салымды тоқтату шартымен ғана жүзеге асырылатын. «Отбасы банк» азаматтардың өтініші бойынша бұл процесті онтайландырған.

Гүлнар АХМЕТОВА

АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ



бірлесіп, мемлекеттік бюджет есебінен депозит бойынша сыйақы есептеуді көздейтін Теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасын әзірледі. Биылғы 12 наурыздағы дерек бойынша, екінші деңгейлі банктерде шамамен 15,3 трлн теңге (активтердің 40 пайызы) өтімділігі жоғары активтердің қоры бар. Еркін өтімділіктің болуы банктерге өз міндеттемесін уақытында орындап, толық көлемде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Мемлекет занда белгіленген шекте жеке тұлғалардың және төмендету бойынша шаралар кешенін іске асыруға кірісті. Бұл — өнім өндіру көлемін ұлғайту, сақтау және логистикаға, бөлшек сауда, баға белгілеуді бақылау, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеуге бағытталған жедел және орта мерзімді сипаттағы іс-шаралар. Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жағдайды бақылауда ұстауда. Бұл үшін күн сайын Дағдарысқа

Ресеймен тығыз сауда қатынастарына қарамастан, теңге бағамын белгілеу бірқатар факторларға байланысты қалыптасады. Ә.Молдабекованың айтуынша, ұлттық валюта үшін сыртқы және ішкі жағдайлар қазіргі Ресей валютасына байланысты болып жатқан жағдайдан мүлде басқаша. Ресей Қазақстанның ең ірі сауда әріптесі болғанына қарамастан, теңге бағамының динамикасы рубльге ілеспейді. Қазір Ресейдің валюта нарығындағы құбылмалылық бірнеше есе жоғары. Бұл теңгеге қатысты рубль құнының төмендеуінен көрінеді. Бұл орайда Ә.Молдабекова: «Бір рубль үшін 5-6 теңге аралығында бұрыннан қалыптасқан теңге/рубльдің тарихи бағамы елеулі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Осыған байланысты теңгенің рубльге қатысты қандай да бір тарихи бағамын ұстану негізсіз», — деп атап көрсетті. Геосаяси шиеленіс жағдайында қандай да бір болжам жасау — шетін іс. Дәл қазір шетел валютасына сұраныс деңгейі іргелі факторлардың әсерімен



ЈО-дерек (ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері негізінде дайындалды)

Жылыжай

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аграрлық саланы кешенді түрде дамытуды жүйелі жолға қоюды үнемі баса айтып, атқарушы орындарға тапсырма беріп келеді.

Азық-түлік қорын молайтып, халықтың сұранысын өтеп, ішкі нарықты толықтай қамтамасыз ету жолында атқарылған іс көп, еңсерілер шаруа да жетерлік. Ет-сүт өнімінің сырт, жеміс-жидек, көкөніспен қамтып, тұтынушылардың талабынан шығу жолына жұмсалар күш те өз емес.

Көкөніс демекші, соңғы жылдары елімізде жылыжай бизнесі, қияр, қызанақ секілді халықтың күнделікті дастарханынан табылатын өнімді өндіру ісі қарқынды дамып келеді. Сондай жылыжай саласын өрістетіп келе жатқан жанның бірі – Стахан Белғожаев. Алматы облысына қарайтын Шонжы ауылынан Қалжат кеден бекетіне апаратын қара жолмен оңтүстік шығысқа қарай жол тартсаңыз, алдыңыздан шипажай ғимараты бой көрсетіп, алыстан «менмұңдалайды». Жердің жеті қабатынан да бойлап, мың метр тереңдіктен атқылап шығып жатқан ыстық су шипажайының маңында ауқымды жылыжай бар. Осы жылыжайдың жұмысын өрістетіп келе жатқан Стахан ағамен өңгімеміз де қияр өсірудің құпиясы төңірегінде өрбіді.

Jas qazaq: Стахан аға, сізді көпшілік білікті құрылысы ретінде біледі. «Елдестіркем –

САПАЛЫ ӨНІМ, ТҮСІМ МОЛ

елшіден» дегендей, шетелден инвестиция тартып, ғасыр құрылысына балаған «Мойнақ» су электр стансасының салынуына ықпал етіп, басшы болдыңыз. Осы күнде де жел, күн энергиясын өндіретін шағын станса салу жолында аттан түсіп еңбек етіп келесіз. Бұл жайында кейінірек сұрамыз. Ең алдымен, бізді қызықтырғаны жылыжай салу идеясы қайдан келді? Өзіңіз ұзақ жылдан бері Алматының тұрғынысыз, десе де сізді іздегендер ию-кию қаладан емес, қарадаланың жазығынан, жанға жайлы шипажайыңыздан табады.

Стахан Белғожаев: Сұрағынды түсіндім, шипажай салуға не түрткі болды деген сауалына жауап бермес бұрын, қаладан не себепті «қашқақтап» саяқ кетіп жүргенімді айтайын. Жас ұлғайды, адамда қарттық жеген сайын әлсіреу болады, бұл - табиғи заңдылық. Қан қысымым жоғарылайтын болды, сосын Шонжы ауылынан қиыстау маңға шипажай салып, көпшіліктің қажетін өтеуді қолға алдым. Өзің айтқан Мойнақ су электр стансасы өткен ғасырда басталып, КСРО ыдырағаннан кейін құрылысы орта жолда тоқтап қалған болатын. «Ғасыр құрылысы» деп айдар тағылған осынау орасан жобаны іске асырып, бұл күнде электр энергиясын өндіріп, жергілікті бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Мойнақ қалашығы салынды, кезінде маң дала бөлігі жатқан жерге қала типтеп қалашық салынды. Мұның бәрі де айтар ауызға жеңіл, атқаруға келгенде атан түйенің белі қайысар аманатты арқаладық. Содан кейін шипажай салу, кәсіпкерлікті өрістетуді қолға алдық.

Шипажайдың маңынан жылыжай салып, көкөніс өндірісін өрістету ойымда жүрген көп істі бірі еді. Нәліктен бұл жерді тандап алғанымнан бастайын.

Jas qazaq: Сөйтіңіз. **Стахан Белғожаев:** Қарадала – қасиет қонған өлке. Қазақтың қай жері болмасын, киелі, қасиетке толы. Түгін тартсаң, майы шығатын құнарлы, шұрайлы өлкеміз көп. Ең әуелі жылыжай салуға қажетті үш нәрсе бар: күннің нұры молынан түсуі керек, тіршілік көзі су қоры жеткілікті болуы шарт және жылу жеткілікті болғаны абзал.

Біріккен Ұлттар Ұйымына қарайтын зерттеу тобы анықтағандай, Қазақстанда күннің көзі ұзақ түсетін нүктесі осы Қарадала жазығы. Одан бұрын жанағы айтқан жылу жүйесі бар ғой, жылыжайды қыстың қақаған суығында от жағып жылытұға біз газ, көмір тұтынамыз, бірақ оған жұмсайтын көп шығынның орнын жердің астынан, мың метр тереңнен ұңғыма арқылы шығарған ыстық суды пайдаланамыз. Жылуға кететін

өткізеді. Бұл технологияның артықшылығы сол, көкке қарай биіктете берген сайын өнімді де молынан береді. Қарадаланың кейде «ашуы ұстағанда» азынап соғатын бораны бар. Тас ұшыратын боран - жылыжайдың басты жауы. Өйткені қиыршық тас тисе, шыны әйнек тез шытынап, сынып кетеді. Осы жағын ескеріп, біз жылыжайдың биіктігін 8 метрден биіктетпедік.

Жылыжайдың жұмыс істеу жүйесі толық автоматтандырылған. Компьютер арқылы бақыланады. Жылыжайдағы өсіп шыққан қиярға қанша градууста жылы ауа беріліп отыр, күннің қызуы қатты түсіп, кешен ішін қапырық қыса бастаса, шыны әйнектің төбесі автоматты түрде ашылып, самалдыктан салқын ауа кіреді. Ол аз болса, әр тұстағы желдеткіштер де жел үрлейді. Іштегі ылғалдылық төмендегенде арнайы түтікшеден су бүркіледі. Міне, мұның бәрі де бір



жүйемен басқарылады. Күн уясына қонақтап, қараңғы бүркегенде керегелегі перделер түсіріліп, күндізгі жылууды сыртқа тарап кетпеуін тежейді. Жана жылыжайға күннің нұры, жылу, су керек делім ғой. Күннің нұрын қалай сіңіретінін айттым, жылу жүйесіне көмір, газ жағумен қатар ыстық суды құбыр арқылы тартып қажеттілікті өтеп отырмыз. Бұл ыстық су айналмалы жүйемен жасалған, яғни жылыжайды айналып жылытқан соң, ағып шипажайға барады. Рәсуа болмас үшін, ол суды шипажайдың жылыту жүйесіне де қосамыз. Өсімдікке тіршілік нәрін беруде тамшылатып суару тәсілін қолданамыз. Сумен араластырып қиярдың сабағына қажетті химиялық элементтер мен тыңайтқыштар қатар беріледі.

Jas qazaq: Өнімнің түсімі қандай жылыжайыңызда?

Стахан Белғожаев: Түсімі көңіл қуантады. Голландтық технологияның артықшылығы түсімінің молдығында. Мәселен, біздің жылыжайдың маңында басқа да агрономдар көкөніс өсіреді. Олардың әр гектарынан алатын қияры біздің өнімінен 3-4 есе төмен. Осыдан-ақ бағамдауға болады.

Күн сайын Алматы қаласына 4 тоннаға дейін қияр тасымалдаймыз. 45 адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырмыз. Барлығы да сол маңайдағы ауылдың адамдары. Ертенгілік автобус алып кетеді, кешке жұмыстан қайтқанда үйіне жеткізіп тастайды.

Jas qazaq: Келешекте жылыжайдың көлемін ұлғайту жоспары бар ма?

Стахан Белғожаев: Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды стратегиялық жобалар жүзеге асып жатыр. Осы бағыттың негізінде мемлекеттің қаржылай қолдауымен 6 гектар жерге жылыжай салуды қолға аламыз. Құрылыс жұмыстары басталса, келер жылдың көктеміне дейін жана жылыжайымыз да іске қосылады.

Jas qazaq: Демек тағы да тұрақты жұмыс орны ашылады деген сөз ғой.

Стахан Белғожаев: Әрине, екі гектардай жерге орналасқан жылыжайда 45 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Еңбекәкы уақытында төленеді, биыл қымбатшылыққа байланысты жалақысын көбейттік. Алты гектарға жылыжай салынса, тағы да 100-ге тарта адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз. Бұл дегенін, сол өңірдегі ауданның жұмыссыздықты азайтуына үлкен серпін береді. Мемлекет аграрлық салаға қаржы бөледу сараңдық танытып отырған жоқ. Тек білек түрініп, игілікті бастаманы іске жарата білуіміз керек.

Келешекте осы Қарадала жазығында күн энергиясын өндіретін станса салынады.



шығынға кәдімгідей сеп бұл. Міне, осындай артықшылықтарды ескере отырып, жылыжайды Алматыдан 300 шақырымдай шалғай жатқан жерге салдық. Алпаға шүкіршілік айтамыз, өнімді біз межелеген деңгейде алып отырмыз.

Jas qazaq: Ауамағы екі гектардай жерді қамтыған жылыжай голландтық технологиямен салыныпты.

Стахан Белғожаев: Иә, Голландиядан арнайы агроном мамандарды, жылыжай кешенін заманауи технологиямен жарақтап құрып беретін компаниямен келісімшарт жасасып, жұмысты бастадық. Біз үшін ең алдымен керегі – алатын өнімнің сапалы болуы әрі түсімінің молдығы. Осы сараптауымыз онтайлы соғып, голландтық технологияның тиімділігі мен артықшылығын көріп отырмыз. Биіктігі сегіз метрге жететін жылыжайдың төбесі мен қабырғасы тұтас шынымен қапталған. Шыны күн сәулесін еркін

Өндірген электр қуаты 100 МВт-қа жетеді. Түбімізде тиіп тұрған Ұйғыр ауданы халқының тұтынатын электр энергиясы шамамен 12 МВт, таудың арғы бетіндегі Кеген, Райымбек аудандарының халқына қажетті энергия да 14-15 МВт айналасында ғана. Аудан әкімінен арнайы жер бөліріп, күн энергиясының түсетін орнын даярлап қойдық. Инвестиция да тартылды. Жобасы арнайы сараптамадан өтіп, мақұлданды.

Jas qazaq: Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы министрлігіне артқан жүгі де ауыр. Ішкі нарықты қамтамасыз ету жолында еңсерілер іс қомакты. Өзіңіз де жаксы білесіз, біз азық-түлік қорының көп бөлігін импортпен жауып отырмыз. Осы кемдіктің жолын бүтіндеуге уәс қосу мақсатындағы бастаманыз іске аса берсін.

Сұхбаттасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Арнайы қажеттілікті талап ететін жандарға көмек көрсету – еліміздің мемлекеттік саясатындағы басым бағыттарының бірі. Мүгедек жандарға қолдау көрсетуге, түйткілдерін шешуге бізде ұдайы көңіл бөлінеді.

Менің туғаннан көзім көрмейді. Соған қарамастан, өз мүмкіндігімді шексіз деп санаймын. Бүгінде мүгедек, ерекше күтімді қажет ететін адамдар үшін мүмкіндігі шектеулі жандар деген түсінік қалыптасқан. Өз басым бұл пікірге қарсымын. Өйткені әр адам өзінше бір әлем. Сіз де, мен де, басқалар да өз болмысымызбен, сана-сезімімізбен бөлекше адамдармыз. Сондықтан «арнайы қажеттілікті талап ететін жан» деген ұғымды ұсынамын.


Қазір әр өңірде «Қазақ соқырлар қоғамы» деген қоғамдық ұйым бар. Осы ұйымның басты мақсаты – 1-ші және 2-ші топтағы арнайы қажеттілікті талап ететін зағип жандардың құқықтарын қорғау, оларды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етіп, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде еңбекке араластыру. Алғашында елімізде Халық ағарту және әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаттары көзі көрмейтін жандармен жұмыс жүргізіп келді. Осы жүйеде Бүкілресейлік соқырлар қоғамының өлкелік бөлімі жұмыс істеді. 1997 жылы 11 ақпанда Азаматтық заңнамаға сәйкес, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық ұйым болып қайта тіркеуден өтті.

Екі жылдан бері әлемді жайлаған пандемия салдарынан көптеген өндірістер мен өзге де жұмыс орындарының жұмысы тұралап қалғаны белгілі. Бірақ соған қарамастан, бұл қиындықтарды ел болып еңсеріп келеміз. Мәселен, жағымды жаңалықтардың бірі – Қазақ соқырлар қоғамының «Жылы уя» мүгедектерді оналту орталығының ашылуы. Мұратбаев пен Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысында жана ғимарат бой көтеріп отыр. Өзінің ғимараты бар оналту орталығын құру туралы шешім Қазақ соқырлар қоғамының съезінде қазіргі Орталық кеңесінің төрағасы Алмат Наурызбаевтың бастамасымен қабылданды. Жана нысанды салу үшін қоғамның өз қаражаты есебінен 354 808 986 тенге бөлінген.

Қазақстан соқырлар қоры бірлестігінің «Жылы уя» оналту орталығының алдына қойып отырған негізгі міндеттері Жарғысына орай мынадай:

«ЖЫЛЫ ҰЯ»: СЕҢІММЕН ӨМІР СҰРУ

- мүгедектерге арналған әлеуметтік-мәдени, оналту, мәдени демалыс, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық бағдарламалардың кешенді жүйесін даярлау;
- арнайы қажеттілікті талап ететін жандардың интеллектуалдық, мәдени-рухани білім алуы үшін қосымша біліктіліктерін арттыруын қамтамасыз ету;
- мүгедектердің, мемлекет пен қоғамның білікті мамандарға деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ еліміздің аумағында мүгедектер үшін коммерциялық емес сипаттағы және әлеуметтік бағыттағы басқа функцияларды жүзеге асыру;
- мүгедектерді өнер, мәдениет, спорт әдістерін қолдана отырып, олардың үздіксіз жұмыс істеуін



қамтамасыз ететін кешенді оналтудың әдістерін құру және жетілдіру үшін шығармашылық топтар мен спорттық секциялар құру. «Жылы уя» штатында 11 адам бар. Оның тоғызы – мүмкіндігі шектеулі жан. Жұмыспен қамту орталығы арқылы да мамандар орталықтың қызметіне тартылады. Орталықтың құрылымы: басшылық; нүктелі-бедерлі қаріппі баспа бөлімі (*Брайль баспа бөлімі*); кеңестік, әдістемелік және оналту жұмыстары бөлімі; бос уақыт, спорттық және әуесқой көркемөнерпаздар бөлімі; техникалық көмек; «Алтын нүкте» журналының редакциясы.

БРАЙЛЬ БАСПА БӨЛІМІ

Орталықтың негізгі бағыттарының бірі – құжаттарды рельефті-нүктелі қаріппен шығару. 1961 жылы Брайль жүйесі қазақ алфавитінің өріптерімен толықтырылды. Қазақ брайль жүйесінің құрылуы – Қазақ соқырлар қоғамының белгілі мүшелері Сәкен Өтегенов пен Оқан Қасымовтың жемісті жұмысының нәтижесі. Қазақтың брайль жүйесінің көмегімен зағиптар қазақ тіліндегі кітаптарды оқи бастады. Елімізде Қазақ соқырлар қоғамының қазақ және орыс тілдерінде кітап шығару үшін арнайы баспаханасы ашылды. Осы Брайль баспа бөлімі көркем, оқу-әдістемелік кешендер (*оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік құрал және т.б.*), ғылыми-әдістемелік әдебиеттер және тағы басқа құжаттар қазақ-орыс, өзге де тілдерде брайль қаріпінде



шығарылады. Аталған бөлімнің жұмысы зағип және нашар көретін азаматтарға, мемлекеттік ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ көру қабілеті нашар адамдарға арналған арнайы кітапханалар тапсырыстарын орындауға бағытталған.

Қазіргі кезде республиканың арнайы кітапханаларына рельефтік-нүкте түріндегі 40-қа жуық қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптар ұсынылып отыр. Бөлім 2019 жылы жұмысын бастап, 2019-2020 жылдары барысында 3000-ға жуық дана кітап шығарды. Сондай-ақ қырғыз елінің қоғамдық қоры тапсырысымен де оларға қажетті кітаптар шығарылды.

«АЛТЫН НҮКТЕ» ЖУРНАЛЫ

1964 жылдан бастап Қазақстанда Қазақ соқырлар қоғамы Орталық кеңесінің баспа орталығы болып табылатын «Еңбек таны» — «Заря труда» журналы жарық көре бастады. Журнал алдыңғы қатарлы тәжірибені насихаттауға, саяси идеялық және адамгершілік тәрбиесі бойынша жұмысты жақсартуға, ҚСҚ мүшелері арасындағы оналту, жұмыспен қамту, мәдени жұмыс мәселелеріне, олардың еңбек және тұрмыстық жағдайларына баса көңіл бөлді. Бұл басылым зағип ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттап тұрды. Белгілі себептермен аталған журнал жұмысын тоқтатқан болатын.

Алайда 2018 жылы Қазақ соқырлар қоғамының орталық басқармасы өзінің жеке басылымын қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. Бастапқыда ол Қазақ соқырлар қоғамы Орталық



кеңесінің хабаршысы түрінде жұмыс атқарса, 2019 жылдан бастап ҚСҚ Орталық кеңесінің шешімімен «Алтын нүкте» журналы деп өзгертіліп, жана қарқынмен ай сайын шығатын басылымға айналды.

КЕҢЕС, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ОНАЛТУ ЖҰМЫСТАРЫ БӨЛІМІ

Бұл бөлім әр түрлі бағыттар бойынша оқытып, оналту сипатындағы жұмыстарды жүргізеді. Зағиптарға арналған арнайы технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын, компьютерлік сауаттылықты үйретеді. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, қала бойынша қатынауы, жалпы әлеуетке бейімдейді.

Мүгедектер мәселелері бойынша түрлі ұйымдарға кеңес беру, әдістемелік нұсқаулар, стандарттар әзірлеу және т.б. бағыттарды қамтиды.

Осы бөлімде психологтар, тифлопедагог-реабилитолог маман жұмыс істейді. Бұл оналту орталығы қаншама арнайы қажеттілікті талап ететін жандар үшін жағымды жаңалық еді. Өйткені зағип және көздері нашар көретін азаматтар брайль жүйесімен оқу мен жазуды меңгере алады. Ал осы «Жылы уя» оналту ғимаратында тек кәсіби шыңдалған, білімді мамандар қызмет атқарады. Қызметкерлер арасында зағиптығына қарамастан, Чехия мемлекетінің Брно қаласының жоғары оқу орнын үздік тәмамдаған, Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының түлегі Әлібек Тоқабаев та еңбек жолын аталмыш оналту орталығынан бастады. Кәсіби шыңдалған маманның міндеті – Брайль жүйесі арқылы азаматтарды арнайы компьютерлік сауаттылыққа үйрету.

Бүгінде инклюзивті білім беру жоғары оқу орындарында қарқынды дамып келеді. Жыл сайын арнайы қажеттілікті талап ететін білім алушы жандардың саны артуда. Жоғарыда атап өткенімдей, Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мақсаттарының бірі – еліміздің барлық жоғары оқу орындарында арнайы білім беруді қажет ететін студенттер үшін инклюзивті жағдай жасау. Соған сәйкес, толыққанды инклюзивті қоғам құру, жігерлі орта қалыптастыру ерекше күтімді қажет ететін жандардың мәселелерін көрсетуде осындай орталықтың маңызы зор. Әрбір отбасында дүниеге келген арнайы қажеттілікті талап ететін жан біртұтас еліміздің мүшесі болып, келергісіз келешекте сеніммен өмір сүруге құқылы.

Әбу Насыр әл Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегендей, тәрбиені отбасынан, білімді ұстаздан алу өскелең ұрпақтың ризығы.

Гүлһая ЖУАШБАЕВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті ғылыми кітапханасының
инклюзивті ақпараттық ресурстар
орталығының координаторы

SERPIN

Сұхбат

Білімдісіз бе, дарындысыз ба, бойыңызда жастық оты лаулап тұр ма? Онда сізге мемлекеттік басқару және квазимемлекеттік сектор жүйесінде басшылық қызметке тұруға бірегей мүмкіндік ұсынылады. 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дарынды жастар үшін ашық және тиімді әлеуметтік саты құру туралы идеяны алға тартқан болатын. Бүгінде сол идея жемісті жүзеге асуда. Жоғары әкімшілік және саяси лауазымдарға бос орындар пайда болған жағдайда Президенттік жастар кадрлық резервінде тұрған тұлғалардың кандидатуралары қаралады.

Екі жылдың ішінде 350 шақты азамат Президенттік жастар кадр резервіне өтті. Алғашқы лекке ілінгендердің бірі – Олжас Шынтаев. Ол емтихандардан сүрінбей өтіп, Президенттік жастар кадрлық резервіне алынған болатын.

Жас qazaq: Олжас мырза, Президенттік жастар кадрлық резервіне өткен соң Шымкент қаласы әкімдігіне қарасты екі басқармада қызмет еттіңіз. Алайда қазір қайда екеніңізді білмейміз. Жастар үшін пәрменді әлеуеттік лифтіде өсудің орнына қайда және неге кеттіңіз?

О.Шынтаев: Иә, екі басқармада да басшылық қызметте істедім. Туризм басқармасында бір жылдай біраз жоспарды жүзеге асырдым. Үшінші мегаполисте туризмнің өсіп-өркендеуіне арнайы тұжырымдама дайындап, шаһар басшылығына ұсындым. Қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы аталған тұжырымдамаға қол қойып, бекітті. Әрі қарай әріптестеріме тапсырып кеттім. Сол жылы Мәскеу халықаралық қатынастар университетінің «Мемлекеттік басқару» мамандығының магистранты атанғандықтан, оқуға кетуіме тура келді. Коронавирус пандемиясы кезінде Мәскеуге оффлайн оқуға бара алмадық. Бірақ онлайн түрде бірінші семестрді аяқтадым. Дәл қазір Ресей мен Украина арасындағы қалыптасқан жағдайға және Covid-ке байланысты екі жылға академиялық демалысқа шықтым.

Ал қызметке келер болсақ, Түркістан облысы туризм басқармасының Түркістан туризм орталығы басшысы болып қызмет атқарып жатырмын.

Жас qazaq: Президенттің жастар кадрлық резервіне енгісі келетіндер көп. Бірақ көбі оның жолын білмейді. Осыған қатысты өз тәжірибеніңбен бөлісе кетсеңіз.

О.Шынтаев: Үміткердің Президенттік жастар кадр резервінде болу мерзімі — 5 жыл. Іріктеу кезінде бағалаушылар пулы мемлекеттік қызмет саласындағы кәсіпқойлардан, салалық сарапшылардан, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен, қоғам қайраткерлерінен құралады. Конкурс кезеңдерінен өтуге байланысты барлық шығынды үміткер өзі көтереді. Құзырет бағалау және сұхбаттасудан басқа барлық кезеңдер қашықтықтан, интернет арқылы өткізіледі. Кейбір кезеңдерден өту үшін жылдамдығы кемінде 5 Мб болатын интернетпен тұрақты байланыстың және веб-камераның болуы міндетті. Іріктеудің нәтижелері сіздің ұялы телефон нөміріңізге хабарлама түрінде келеді. Сонымен қатар іріктеу кезеңдерінің нәтижелері туралы ақпарат сіздің жеке кабинетіңізде орналастырылады. Іріктеу кезеңінен сәтті өткен жағдайда, келесі кезеңге шақыртыласыз. Құжаттарды қабылдау автоматтандырылған жүйеде онлайн жүргізіледі. Конкурса қатысу үшін сізге Президенттік жастар кадр резервінің сайтында тіркелу және онлайн өтінім беру қажет.

Жас qazaq: Жоба талаптары бойынша «Резервте тұрған тұлғалар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында одан әрі кәсіби және тұлғалық даму үшін оқыту курстары мен тренингтерден өту мүмкіндігіне ие болады» делінген. Сіз аталған курстар мен тренингтерге қатысып көрдіңіз бе?

О.Шынтаев: Иә, Президенттік жастар кадрлық резервінің Мемлекеттік басқару академиясының стратегиялық жоспарлау бойынша бірқатар тренингтерге қатыстық. Өзіме өте ұнады. Себебі жоғарғы кәсіби деңгейде жасалған. Алдағы уақытта да ол курстарға қатысу ниетім бар. Қазір бізге, яғни резервтегілерге,

жеке даму жоспарын бекітті. Енді академияда тренингтерді әрі қарай да оқып, білімімізді шыңдауға тырысамыз.

Жас qazaq: Іріктеу кезінде сізді кім бағалады? Әділ өтті ме?

О.Шынтаев: Әрине, әділ өтті. Іріктеу кезінде бізбен көптеген сарапшылар жұмыс істеді. Біздің аты-жөнімізді олардың ешқайсысы білген де жоқ. Әр сатыда бізге сөйкестендіру нөмірі



Олжас ШЫНТАЕВ, Түркістан туризм орталығы басшысы:

ЖАСТАР ҚЫЗМЕТКЕ МЕРИТОКРАТИЯ САЯСАТЫНА СӘЙКЕС ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

берілді. Сарапшылар үшін бәріміз бір адамдай болып көріндік. Бұл жоба барлық талаптарға сай, яғни ешкімді бөліп-жармай әділетті өткізуге мүмкіндік берді.

Сарапшылардың ішінде Президент әкімшілігі, түрлі министрліктерден, жеке сектордан, бизнес саласынан да әр түрлі азаматтар болды. Олар бізге түрлі сұрақтар қойып, пікірталас ұйымдастырды. Екі жылдан бері түрлі сынақтардан сүрінбей өтіп, резервте тұрмын.

Жас qazaq: Ал егер қандай да бір сынағынан сүріне қалсаңыз, резервтен шығып кетуіңіз мүмкін бе?

О.Шынтаев: Ондай болмай-ақ қойсын. Екі жыл бұрын оған біз кірсек, бұл жолы тағы да 50 адам резервке өтті. Соны айтқым келгені ғой.

Жас qazaq: Президенттік жастар кадрлық резерві әу баста жана Қазақстандағы жаңа есімдермен құру мақсатында жасакталған болатын. Қалай ойлайсыз, ол идея сәтті жүзеге асырылып жатыр ма?

О.Шынтаев: Президенттің алға қойған мақсаты — жас мамандарға елмен етене жұмыс істеуге жағдай жасау. Бір жағынан, 350 адамның барлығын бір мезетте тағайындап жіберуге де болмайды. Оларды ағысқа қарсы «лақтырып» жіберіп, қиындықпен бетпе-бет қалдырудың жөні жоқ. Керісінше, ақырындап, әрқайсысының білім-білігі, қабілетіне қарай, әр түрлі деңгейде тағайындаулар болып жатқанын өздеріңіз де естіп, көріп жүрісіздер. Оның ішінде бірнеше вице-министр, министрлер де бар. Олар бір күнде тағайындалып, бір күнде келіп

жатқан жоқ. Барлығы меритократия саясатына сәйкес, бірнеше сынақтан өтіп барып, қызметке тағайындалуда. Қызметке тағайындалған әрбір резервші өзінің қабілет-қарымын тек қана іріктеу кезіндегі сынақтардан өтіп қана емес, тағайындалған жұмыс орнында тәжірибелік тұрғыда көрсеткен нәтижелерінің салдарынан бұл әлеуметтік саты ретінде жүзеге асып жатыр. Жылдан-жылға әр түрлі деңгейде басшылар, басшы орынбасары немесе департамент басшылары тағайындалып, ауқымды жобалар бірлесіп іске асырылуда.

Президенттік жастар кадрлық резервінің ішінде институционалды түрде бекітілген арнайы кеңсе ашылған. Қазіргі таңда сол кеңсе аясында бірқатар мемлекеттік маңызы бар жұмыстар бірлесе атқарылып, шешімі жақын арада тиісті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Жас qazaq: Мәселен, қандай жұмыстар?

О.Шынтаев: Ішкі жұмысты менің немесе әріптестерімнің жұмысы деп айтқаным қате шығар, сол себепті топтық жұмыс болғандықтан, оның бәрін жариялау дұрыс бола қоймас. Жалпы барлық резервшілер олардың тікелей жұмысына байланысты болсын, болмасын, жан-жақты сараптама, саралау, қоғамдық, бір сөзбен барлық жұмыстарда белсенді.

Жас qazaq: Дәл осы Президенттік резерв арқылы тағайындалған вице-министр, министрлерді атай аласыз ба?

О.Шынтаев: Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, оның орынбасары, вице-министр Бауыржан Омарбеков, одан бөлек,

ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде вице-министр Александр Данилов және де осы аптада тағайындалған Зүлфия Сүлейменова

О.Шынтаев: Ең алдымен, тәжірибе, одан кейін нетворкинг, яғни бізді қоршаған ортадан түрлі идеялар алу. Әріптестерімнің канаттандыратын бір ауыз сөзінен кейін алдыға мақсат қойып, соған жетуің жолында жұмыс істеуді мөңгере түстім. Кәсіби топтарда пікір айтып, өз қызығушылығыммен бөлісіп келемін. Жеке ұстанымымды қалыптастыруға көмегі көп тиді.

Президенттік жастар кадрлық резервінің алаңы — тәжірибе алмасу мүмкіндігі. Қазақстанның тәжірибелі, оқыған 350 азаматымен бірге жұмыс істеп, мемлекеттің дамуына бағытталған шешімдерді бірлесе қабылдау мен үшін аса маңызды.

Жас qazaq: Сіз қандай тақырыпта сараптама жүргіздіңіз? Туризмнен алшақ кетпеген боларсыз?

О.Шынтаев: Бізде туризм десе, мұхиттың жанына барып демалу деген сияқты қате түсінік қалыптасқан. Бұл — 1990 жылдары Түркия мемлекетінің Қазақстанға жасаған маркетингтік жоспарының нәтижесі. Әрі Кеңес одағының кезінде туристік жиындар жиі өтетін. Сол жиындардың барлығы дерлік шетелде болды. Содан не керек, елден сыртқа шықсақ қана турист боламыз деген түсінік қалыптасты. Мәселен, 2000 жылдың ортасына дейін көптеген қала тұрғындары Шымкент қаласынан 70 шақырым жерде ұлттық паркімізді бар екенін білген жоқ. Ал қазір Сусінгенді, Макпалкөлді көріп, тамсанып, таңдай қағуда. Себебі туристік мәдениет енді қалыптасып келеді. Біздің әрбіріміз

— осы қалада туристіз. Күн сайын қаланы жаңа қырынан тани біліп, шаһарымызды қадрлеуіміз керек.

Иә, күнгейдің туризм индустриясы туралы сөз қозғалғанда, «тапшан туризм» деген тіркестің қылаң беріп қалатыны бар. Тауға барып, тапшанның үстінде кәуап жеп демалуды, сөйтіп таза ауамен тыныстауды экотуризммен де байланыстырып айтып жатамыз. Экологиялық туризм десе, сол тау-тастың айналасына коқыс қалдырмай демалуды ғана ойлаймыз ғой. Әсте, біз қателесеміз. Экологиялық туризм деген экологияны сақтай отырып, өзінің рекреациялық қажеттілігінді толтыру. Мәселен, ол қажеттілікті кез келген саябақта экологияға зиян келтірмей-ақ толтыра аламыз. Әрине, таудың таза ауасымен тыныстағанға ешнәрсе жетпейді. Ол да үрдіс ретінде дұрыс шығар. Кез келгеніміз өз қаламызда, өз ауадамызда отырып-ақ, экотурист бола аламыз. Әйтеуір, экологияға зиян келтірмесек болғаны.

Тек Түркістан не Шымкент қаласында емес, бүкіл елде туризмді дамытуға үлес қосқым келеді. «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасына сәйкес, барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, алған білім, тәжірибемді ел дамуына жұмсауды мақсат еттім. Елімізде дәл қазіргі кезеңде жасалып жатқан бірқатар саяси реформалардың жемісін алдағы жылдарда көреміз деп ойлаймын.

Әр реформаның ар жағында миллиондаған халықтың үні жатыр. Халықтың үмітін ақтау үшін бар күш-жігерімізді салып, Жаңа Қазақстанды бірге құруға өзімізін де үлесімді қосуға тырысамын.

Жас qazaq: Өңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мәлір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Таным

Тіл теориясы. Тілдің шығуы туралы теория XVIII ғасырда Ж.Руссо, Д.Дидро, И. Гердер еңбектерінде тереңдей жазылды. Ж. Руссо (1712-1778) тілдің шығу тегін әлеуметтік-қоғамдық келісім және тілдің эмоционалдық немесе өліктеу теорияларымен байланыстырады. Бұл туралы «Адамдар арасындағы төңсіздіктің басталуы және негіздемесі туралы ойлар» (1715), «Тілдің шығуы туралы тәжірибе» (1761) еңбектерінде жазған.

Әлеуметтік-қоғамдық келісім теориясының мәні — алғашқы адамның бірігуі, әртүрлі қауіптерден сақтануға талпынуы барысында дыбыс беруі, айқайлауы, ымды қолдануы. Бірақ ым адамдарға қараңғыда алыстан көрінбеуіне байланысты ыңғайлы болмады. Сондықтан ойды білдіру құралын іздеп, сөзді жалпы мағынада, яғни бір сөз тұтас бір сөйлемдерді беруді деген пікір айтты. Бірақ ол тіл мен қоғамның қайсысы алдымен болғанын айта алмады. Тілдің шығуының эмоционалдық немесе өліктеу теориясын ұсынды. Онда тілдің шығу себебін адамдардың ішкі сезімін білдіру мақсатымен байланыстырды. Руссо теориялары француз энциклопедияшысы Дидро (1713-1784) тарапынан сынға ұшырады. Оның «Энциклопедия немесе ғылым, өнер, қолөнерінің түсіндірме сөздігі» еңбегінде (9 том) тіл «ойды дауыс арқылы білдіруге арналған әрі анықталған ұлтқа тән дағдылар бірлігі ретінде» сипатталды. Дидро тілдің коммуникативтік

қызметін атап көрсетті. Тілдің қалыптасуына қоғамның негіз болатыны туралы материалистік көзқарастан идеалистік позицияға өтеді. «Қоғам қажеттілігі тілдің дамуына ықпал етті, бірақ адам тіл бергені үшін құдайға қарыздар» дейді. Ол тілдің шығуындағы өліктеу теориясымен келіспеді.

XVIII — XIX ғасыр ғылымның дамуы, ғылымның тілге байланысты талабының өсуі тілдің негізгі қасиетін зерттеуді өз алдына

міндет етіп қойған тіл философиясының туындауына әкелді. Ағылшын ғалымы Ф.Бэкон (1561-1626) өзінің филологиялық грамматикасының негізінде эмпирикалық әдісті қолданды. Бұл әдіс бойынша кез келген білімнің көзі табиғат нәрселеріне негізделген сезімдік тәжірибе болып табылады. Оның негізгі көзқарастары «Жаңа Органон» (1620), «Ғылымның қадір-қасиеті және жетілдірілуі»

(1623) туралы еңбектерінде айтылады. Тіл — қарым-қатынас, ойда білдіру құралы. Тілді эмпирикалық тұрғыдан, яғни оны жан-жақты тәжірибелік жолмен зерттеу керек. Грамматиканы әріптiк (*эмпирикалық*) және философиялық деп бөлді. Грамматика практикалық мақсатта қызмет етеді, тілді зерттеу әртүрлі халықтың жан дүниесінің ерекшелігін, мінез-құлқын, салтын таңуға көмектеседі деп болжады. Философиялық грамматика сөздер мен заттар, сөздер мен ой арасындағы қатынастарды зерттейді. Сөздер заттарды, табиғатты объективті түрде таңдау жеткіліксіз дей келіп, ұғымдарды дәл әрі нақты белгілейтін жасанды философиялық тіл жасауды ұсынды. Оның негізінде барлығына ортақ бірыңғай тіл жасауға болады

деді. Бірақ ол тіл теориясын жан-жақты жасай алмады.

Француз ғалымы Р.Декарт (1596-1650) жасанды тіл жасау теориясын ұсынды: сандардың табиғи қатарының тәртібінде анықталғандай, барлық ойдың әдістемелік орналасуын жүйелеу керек. Мұндай тіл сөзінің орналасуында, септелу, жіктелуде бір ғана тәсіл болар еді т.б. Тілді философиялық тұрғыдан зерттеу мәселесін ағылшын материалисі Д.Локк (1632-1704) «Адамның ой-санасы туралы тәжірибе» (*Опыт о человеческой разуме — 1690 ж.*) философиялық еңбегінде жан-жақты талдайды. Ол сөздің мағынасына зор көңіл бөліп, бұл мәселені тілдің мәні

туралы іліммен тығыз байланыстырады. Локк объективті дүние заттарын адам сезім, түйсінуді арқылы қабылдайды. Сөз естуді мүшелері арқылы қабылданған бөлшектенетін дыбыстардан тұрады. Сөздің қызметі ойды жеткізу, бірақ ойды түйсінуге болмайды, ойды жеткізу үшін оны түйсінуді мүшелері арқылы қабылданатын таңбаларға (*белгілерге*) жатқызу керек.

Мұндай белгі — сөз. Локк теориясы бойынша, сөз ойдың түйсікте қабылданатын белгісі, ал сөздің мағынасы — таным және түсініктің, яғни ойдың орнын ауыстыру қабілеті.

Сөздің елеулі жағы оның абстрактілігі деп танылды. Кеңес тілшісі М.В.Мачавариани: «Сөздің мағынасын зерттей келе, Локк субъективті-объективті, индивидуальды-қоғамдық, нақты, жалпы деп бөлшектеді. Сондықтан оның теориясына субъективті-идеалистік сипат тән», — деді.

Данат ЖАНАТАЕВ,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, профессор,
Сәбиға БИМАНОВА, Аружан БАТЫРХАН,
Әйгерім ОСПАҢ, ҚазҰУ магистранттары



(Соңы. Басы өткен санда)

«АТА-БАБАҢНЫҢ
ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ТҮСІРМЕ...»

1875 — 1876 жылдардағы оқиғалар және Қоқан хандығының империяға қосылуы Алай қырғыздарының билеушісі Құрманжан датқаны да сырт қалдырмайды.

Қырғыздардың орыстармен тайталасып күресуге дәрмені жок екенін ол жақсы білді. Абдуллабекті орыстарға бағындыруға көндіруге тырысады. Бірақ ол арманына жете алмайды. Оған Қытайға көшіп кетуі себеп.

Орыс әскерлерінің Алайға келуімен Құрманжан датқа отрядқа қайта оралады. Бірақ бұл кезде елде аласапыран басталып кеткен еді. Оның үстіне балалары — Батырбегі мен Якуббегі қызметте, Бадаулет — Қашқарда, ал Маматбек пен Хасанбек Кабылда жүрген болатын.

Халықтың бейбіт өмірі мен берекесі тек үкіметке толық бағынған кезде ғана мүмкін болатынын жақсы түсінген Құрманжан дат жөңсіздіктің етек алуына жол бермейді. Оның ықпалының арқасында Ферғана халқы дүмпулер мен толқуларға ешқандай қатыспайды. Құрманжан датқа Алай қырғыздары арасындағы тыныштықты сақтап қалуға өзінің бүкіл беделін пайдаланады.

Құрманжан датқаның абыройлы қызметін барлық Түркістан генерал-губернаторлары жоғары бағалайды. Жоғары мәртебелі ұлықтар оны бабалы сыйлықтармен марапаттайды. Ал өлкенің генерал-адъютанты фон Кауфман 1880 жылы оған 300 рубль мөлшерінде өмір бойы зейнетақы тағайындайды.

Құрманжан датқа ұзақ өмір сүреді. Өмірінің соңында басы айналардай атак-данққа бөлінеді. Киындық күтпеген жерден пайда болып, 1893 жылы Алай патшайымының жүрегінде жаракат орын алады.

1893 жылы шекаралық белдеуді айналып өтпекші болған екі карауыл жоғалып кетеді. Оған билік қатты алаңдайды. Барлық күштер қатыстырылып, жоғалған адамдар іздестіріледі. Әскер көтеріледі. Кінәлілерді тауып, жазалау керек болады. Оған кінәлілер алыстан емес, жақыннан табылады. Құрманжанның сүйікті кіші ұлы Қамшыбек және Маматбек немерелері Арыстанбек пен Мырзапаяз және барлығы 20 адам контрабанда жасады және келеншілерді өлтірді деп айыпталарды.

Сексен жастағы Құрманжан датқа балалары мен немерелерін құтқаруға асығады. Ол Маргеланға барып, әскери губернатор Повало-Швейковскийге барады. Одан ештеңе шықпайды. Тергеу ұзақ уақытқа, шамамен екі жылға созылады. Оны осы жылдары қолдаушылары күшпен баласын босатып алуға көндіріп бағалды. Бірақ Құрманжан датқа қан төгілмесін деп, сабырлық сактайды. Оның үстіне, өз баласының тентектігі өзге жұрттың дұшпандығынан қауіпті болмас деп тұжырымға келеді. «Бірлік болмай,

анасы оған «Сен Құдайға сыйындың ба, ұлым?» дейді. Сұрағына оң жауап алғаннан кейін Құрманжан датқа: «Ұлым, қорықпа, өлімнің бетіне тікпе кара. Басыңды көтер, ата-бабаларыңның ар-намысы мен қадір-қасиетін түсірме және мені кеш... Мен сені қорғай алмадым, менің сұңқарым», — дейді. Егер сол кезде жиналған қалын алайға бір

ҚҰРМАНЖАН
ДАТҚА

ғана белгі бергенде үлкен кантөгіс болатын еді.

Екі жакқа өлгенше ем жок. Тіліне жүздеген мөр басылса да, ол өз ойымен өзі алысады. Тыныштық үшін бәріне көнеді. Ұлтты тәртіпке көндіруді ұлы мұрат тұтады. Сырттай сактану да, іштей сактану да ниетке қарай болатынын болжайды. Әйтсе де, Алай ханшасы жүздеген адамның көз алдында өлім құшқанын талай көрген-ді. Сондықтан бауыр еті баласы үшін қанды соғыстың болғанын қаламайды. Шейіт болғандардың қайғысы артында қалғандардың санасында сағыныштың сазын, өкініштің ізін, қасіреттің сызын, қиянаттың музын көргісі келмейді.

көптеген өлеңдер жазады. Оларды Зыйнат деген атпен шығарады. Замандастары олардың көркемдігін жоғары бағалайды. Құрманжан датқа өлеңдерін қырғыз, түркі және парсы тілдерінде жазған. Оның ақындық мұрасының аз ғана бөлігі сакталған.

Алай ханшасы ақындар айтысына да қатысқан. Төкпе ақынның жырлары бүгінге дейін халық жадында сакталыпты. Құрманжан ақынның жырлары халық арасынан жинастырылып, қырғыз тілінде жарық та көрген.

Ақындық пен батырлық — егіз жаратылған ұғым. Біреуі сөзімен әділетке жүгінтеді, біреуі тезімен тізеден бүгілтеді. Құрманжанның туыстары мен ұрпақтары ортасында Алай патшайымының ақындық туындылары халық жадында сакталған. Оның Ферғана алқабындағы атақты ақындармен айтыс сайыстарына қатысқандығы, оның қасіреті мен рухының кереметтігі, кіші ұлы Қамшыбектің қайтыс болғандағы жоқтауы, оның шығыс дәстүрлерінде ғазалдар жазғаны белгілі болып отыр.

XIX ғасырда Ферғана аймағының поэтикалық мәдениеті өте жоғары болған. Құрманжанның поэтикалық тахалусы (*бүркенішк аты*) екені белгілі болды. Қазанда

сакталған «Қоқан хандығының әйел-ақындары» мұрағаттық каталогында Зыйнаттың «датқа» деген генерал атағы болғаны кездейсоқтық емес. Зыйнат парсы тілінен аударғанда «сұлулық» деген ұғымды білдіреді. Негізінен диван Зыйнатты құрастырған ғазалдар парсы тілінде жазылған. Дәстүр бойынша парсы тілі Орталық Азия аймағының әдеби тілдерінің бірі болған. Қоқанда танымал ақындармен сөйлескен Құрманжанның оны жақсы игергені байқалады. Оған Ош алқабының мәдени өмірі де ықпал еткені анық. Онда XIX ғасырдың ортасында Құрманжанның күйеуі Қоқан ханы жанындағы Жоғарғы уәзір Алымбек Қоқанда хан медресесімен бәсекелесетін Бұхар сәулетінің үлгісі бойынша медресе салғаны белгілі болып отыр. Бұл ірі теологиялық мекемеде араб тілімен қатар парсы тілі де қолданылған. Шығыстың ежелгі қолжазбалары мен кітаптарының тілі де парсы тілінде болған.

Қырғыз халқының бай ауызша сөз өнері мен Шығыс поэзиясы — Құрманжанды ақындық шығармашылықтың жемісті дәстүрі шабыттандырған. Осы дәстүрлерді біріктіре отырып, ол қазіргі заманғы жазба ақындар мен халық ақындарының арасында өзіндік ерекшелігімен ерекшеленген.

Құрманжан өзінің замандастарын қыз сұлулығымен, әйел — ана тектілігімен, даналығымен таң қалдырған.

ҰАТ АЙНАСЫ

Алай патшайымы — Құрманжан датқа 1907 жылы 1 ақпанда Ош қаласынан он үш шақырым жердегі Мады ауылында 96 жасқа келіп дүниеден өтеді.

Ол өзінің ақ киізден жасалған үйінде ұзақты күн тас төбеге қарап жатыпты. Әлсіз кәрі саусақтары бір нәрсені сұрыптағандай, көрпенің үстінде жайлап жыбырлап жатады екен. Оның соңғы сағаттарда не ойлап жатқаны бір Құдайға ғана белгілі...

Оның төсегінің басында белгілі адамдар мен туған-туыстары, ұрпақтары күн-түн отырып, осы бір ұлы адамның ақтық сөзін күтіп, айрықша құрмет көрсетіпті. Оны көргісі келген адамның есебіне сан жетпеген көрінеді. Тіпті ең үлкен киіз үйдін өзіне датқаның немерелері, шөберелері мен шөпшектері сыймаған.

Датқаның сырқаты туралы ақпарат Алай мен Ош уезінің барлық халқына таратылды. Бірақ ол ешкімнен ауышылық күтпейді, мүсіркеуді жаны қаламайды.

Ол күйеуден болар бақты да, баладан болар тақты да көрді. Өз күйеуін өзі таңдауға қол жеткізді. Алай халқының басын бір тудың астына жинап, оған басшылық жасады. Генерал атанды! Алып рудың негізін қалап, «Алай патшайымы» атанды. Оның айтқаны заңға айналды, айтқаны екі қайталанбады. Өлімнен қорықпайды, оған ақылы мен парасатын қарсы қойды.

Адамның ғұмыры істеген ізгілігімен өлшенеді. Алай ханшасы соңғы күндеріне дейін елдің бірлігі үшін қызмет етті. Ол ешқашан ауырмаған адам. Емшілердің де қызметіне жүгінбеді. Құрманжан датқа қайтыс болғанда аспан мен жер күңірелді. Соңғы демін алғанда жиналған мың қаралы халық қатты дауыстап жоқтау айтқан. Аспан жылап, жер түнерген. Айналаны қорқынышты үрей басқан... Жиналған халық өз ханшасын замандардың зарын айтып,

ғасырлардың мұнын арқалап ақтық сапарға арулап шығарып салыпты.

Оның өлімі туралы хабар бірден бүткіл аймаққа тараған. Бұл дегенің Қырғыз алқабы мен Ферғана жазығын алып жатқан үлкен алқап болатын. Барлық аймақтардан көңіл айтушылар қаралы үйдің маңына топтасып, жоқтау айтқан. Қаралы үйдін қожайыны ретінде Маматбек би ең құрметті қонақтарды қарсы алып, Алай ханшайымымен қоштасуға үйге кіргізген. Киіз үйге кірер алдында екі қатар марқұмның немерелері мен шөберелері тұрған. Әр жолы жаңа қонақтың келуімен жылау мен қайғы жоқтау күшейе түсіп отырған.

Құрманжан датқаны ағаштан жасалған табытка орналастырып, бетін паршамен жауып қойған. Жанында Ресей императорының сыйлықтары, датқаның өзі араласқан сегіз генерал-губернатордың құрметтері, округ басшылары мен басқа да атақты адамдардың сансыз сыйлықтары қойылған. Орыс әкімшілігі Құрманжанға үлкен құрметпен қарап, барлық құжаттарда оны «Датқа» — билеуші деп ресми таныған.

1907 жылы 1 ақпанда Құрманжан датқа дүниеден қайтқаннан кейін «Туркестанские ведомости» газеті 16 ақпандағы санында «Царица Алая» деген атпен көлемді қазанама жариялаған. Қырғызстан тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін Құрманжан датқа туралы баспа бетінде үстірт ғана жарияланымдар болған.

Алай ханшасының қызметі жайлы қырғыз жұртшылығына алғашқы мәліметті қандасымыз, Қырғыз педагогикалық институтының 27 жастағы аспиранты Әнуарбек Хасанов 1941 жылы наурызда Қырғызстан тарихшыларының I ғылыми конференциясында «Қырғызстанның Ресей тарапынан бағындырылуы» деген баяндамасында айтқан. 1932 жылғы ашаршылық жылдары Қарағанды өңіріне босып келген ұрпақтың өкілі ретінде А.Хасанов кейін тарих ғылымының докторы, Қырғыз Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болды. Құрманжан датқаның 1906 жылы түсірілген суретін Ташкеннің архивінен тауып келген де осы кісі. Осы суреттің нәтижесінде датқаның анық келбеті белгілі болып, ол қырғыздың ұлттық валютасы — сомға да бердерленді.

Ресей империялық бас штабының полковнигі, барон Карл Густав Эмиль Маннергейм 1906 жылы Қырғыз жерінің Алай өреніне келгенде Құрманжан датқаны бірнеше рет суретке түсіріп алған көрінеді. «Ат үстінде суретке түсуін сұранғанымнан кейін 95 жастағы ханша торы аргымаққа немересінің демеуімен өмір бойы ат үстінде жүргендей сенімді және жеңіл көтеріліп мінді», — деп жазған саяхатшы-полковник өз естелігінде. Карл Маннергейм — 1944-1945 жылдары Финляндияның президенті болған» дейді «Түркістан» газетінің Қырғызстандағы меншікті тілшісі Назарбек Байжігітов әріптесіміз (*«Түркістан газеті», 2011 жыл*).

Күегер жандар сол бір сәтті былай сипаттайды:

«Марқұмды бақша ортасындағы алаңға шығарды. Осы кезде имамға берілетін сыйлықтар түйеге тиеліп әкелінді. Имам бірден қысқа жаназа шығарды. Содан кейін марқұм зембіл арбаға қойылды. Оның жанында кіші ұлы Хасанбек жүрді. Ал үлкені Маматбек атқа отырып, оның соңынан туыстары мен таныстарының үлкен тобы бірге жүрді. Жерлеу рәсімі Ош қаласындағы бас зират Сар-мазарда өткізілді. Мұнда датқаға ұлы Қамшыбектің қабірінің жанында алдын ала қабір дайындалды. Жол бойы жерлеу рәсіміне қатысушылардың саны арта түсті... Алда немерелер жүрді, жан-жақтан жоқтау айтқан дауыстар шығып жатты.

«Сіз біздің айнамыз болдыңыз» деген дауыстарды есіткенде жиналғандардың аза бойы каза болған. Ұлардың бірі «тәубәрік деп күміс тиындар шашады. Құрметті адамдар ұлы ханшаға бір уыс топырақ салып, құрмет көрсетті. Осылайша терен ой, текті мінез, асыл ниет бір бойында тоғысқан асылзат өмірден өтеді.

Алайдың соңында екі ұлы, екі қызы, отыз бір немересі, елу жеті шөбересі және алты шөпшегі қалады. Ең бастысы, соңында қалған қолжазбалары еді. Бүгінде қырғыз халқы ұлы анасы, Алай ханшайымы Құрманжан датқаға деген құрметін адами және азаматтық парызымен қадірлейді. Құрманжан датқаның ұлттық банкнотта бейнеленуі де оған деген зор құрметтің белгісі. Әзірге ол әлемде Ұлыбритания патшайымынан бұрын бейнесі қағаз ақшада бейнеленген тұңғыш тұлға болып отыр.

2011 жылы қырғыздың белгілі тұлғаларының бірі — Құрманжан датқаның 200 жылдық мерейтойына орай Қырғыз Республикасында «Құрманжан датқа жылы» деп аталып өтті. Бішкекте басталған алқалы жиын үш күннен кейін Құрманжан датқаның туып-өскен жері — Ош облысындағы Памир тауларының беткейіндегі Алай ауданында аяқталды.

Мерекеге орай, 350 киіз үй тігіліп, оған 15 мыңдай адам қатысқан. Ұлттық ат спорты бойынша 11 түрлі ойынға қатысуға республиканың әр тарапынан мыңға жақын бозбала және жігіттер келген. Жалпы жүздеген он бес автокөлік қойылған.

Қырғыз халқының данқты қызы Құрманжан датқа туралы ғылыми-зерттеу еңбектері орыс, ағылшын тілдеріне аударылып, дүниежүзіне таратылған. Бүгінде қырғыз халқын «Құрманжан датқа» фильмі арқылы таниды.

Қырғыз кинематографистері жүзжылдықтар мәдениетінің тарихи шежіресін тоғыстырған «Құрманжан датқа» көркем фильмін небәрі 1,5 млн долларға түсірген көрінеді. Ал пайдасы орасан. Фильм бірнеше халықаралық кинофестивальдарға қатысып, кос бірдей беделді сыйлықты иеленген.

Жүрегін жұртына беріп, ар-намыс жігері ұлтқа ұран болған асыл текті Құрманжан датқа қырғыз халқының талай ұрпағына әлі талай ғасырлар бойы рух берері сөзсіз.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ



тірлік болмайды» деп аса қауіпті сыртқы дұшпандарын талқандауды әріден ойлайды.

Әскери сот Құрманжан датқаның ұлдары мен олардың жақын серіктеріне үкім шығарады. Оқиғамен байланысты 9 адам өлім жазасына кесіледі, олардың ішінде Құрманжан датқаның кенже ұлы Қамшыбек те болады. 6 адам жер аударылады. Олардың арасында Маматбек, немерелері Арыстанбек және Мырзапаяз да болады. Сот үкімімен 11 адам ақталады.

Құрманжан датқаға қатал сынақтан өтуге тура келеді. Патша өкіметіне ешқандай үндеу әсер етпейді. Құрманжан датқаның бұдан бұрынғы атак-данқы, еткен еңбегі, биліктегі достарының араласуы істің нәтижесіне ықпал етпейді. 1895 жылы 3 наурызда өлім жазасына кесілгендер Оштың ескі бөлігіндегі алаңға шығарылады.

Ақбораның адасқан өзенінің жағасындағы қаланың жергілікті бөлігінің ат алаңында, өлім жазасын көруге көптеген адамдар жиналады. Алаңға Құрманжан датқа да келеді. Ол қатуды түрде ұлына қарайды. Ол бір сөтке баласын бауырына басқысы келеді. Осы сәтте датқаның көз алдына кезінде ұлдарының өмірі мен тағдырын сеніп тапсырған адамдардың бейнесі келеді. Оның ұлына бір ғана сөзі жеткілікті еді. Датқа алаңға шығып, Қамшыбекке жақындайды. Анасын таныған ұлы бойын түзеп, оның алдында тізесін бүгіп, қалтқысыз тапжылмай тұрады. Анасы оның көзінен от көреді. Олардың көзқарастары айкасқанда,



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA

www.jasqazaq.kz



Қазіргі күннің түйінді мәселесі – жұмыссыздық. Қолында дипломы бар маман жұмыс таппай қиналады. Ауылдан жұмыс таба алмағандар да Алматы сияқты үлкен шаһарға ағылады. Сонда жұмыс іздеген азаматтар қайда барады? Олардың мәселесі қалай шешіледі? Осы жөне өзге де сауалдарға жауап іздеп, Алматы қаласындағы жұмыспен қамту орталығына ат басын бұрдық.


Жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеп келген адам ең алдымен талон алып, қызмет көрсету залында отырған менеджерге кезекке тұрады. Содан кейін қызмет көрсету залындағы мамандар алғаш келген азаматтың мәліметтерін толтырып, санатына сай жұмыс іздестіреді.

Орталықтың негізгі қызметі мен міндетін Алматы қаласы Жұмыспен қамту орталығының «Жұмыс берушілерді қолдау» бөлімінің маманы Гүлзінат Мейірбекова таныстырды. Ол орталыққа жұмыс іздеп жүгінетін азаматтар ең алдымен Egov.kz пен Enbek.kz порталына онлайн түрде тіркеле алатынын айтты.

Гүлзінат МЕЙІРБЕКОВА,
Алматы қаласы жұмыспен қамту орталығының «Жұмыс берушілерді қолдау» бөлімінің маманы:

«Біз жұмыс іздеп келген азаматты жұмыс іздеуші ретінде тіркеуге аламыз. Мысалы, ол азамат бұрын-соңды жұмыс істеп, кейін белгілі бір себептермен жұмысынан кетсе, оның мамандығына қарай жұмыс іздейміз. Егер ол ресми түрде жұмыс істеген азамат болса, жұмысынан айрылғаны үшін әлеуметтік жәрдемақы алады. Жұмыс беруші тарапынан қысқартуға ұшыраса — 6 ай, жұмыстан өз еркімен босатылса, 4 айға жәрдемақы алады. Талпынып жұмыс істеймін деген адамға міндетті түрде жұмыс табылады. Адамның өзінде ниет пен алға қойған мақсаты болуы керек. Бізге бұрын-соңды еш жерде жұмыс істемеген, еңбек өтілі жоқ адамдар да келеді. Ондай санаттағы азаматтарды қазіргі сұранысқа сай мамандық бойынша оқытамыз. Орталықта тегін оқу курсы бар. Азаматтар сұранысқа сай мамандықты оқып, әрі қарай жұмысқа орналасады».

Арнайы мамандық бойынша курстан өткен азамат «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ұсынатын «Бизнес бастау» жобасына қатысып, білім алуына болады. Бизнесстің қыр-сырын үйренгеннен кейін өзінің бизнес жобасын қорғап, мемлекет тарапынан бөлінетін қайтарымсыз грант иеленеді. Бұл грант өз бизнесін дөңгелетуге серпін береді. Кәсібі өрге басқан соң ол да бірнеше адамды жұмыспен қамтуы мүмкін.




«Жұмыспен қамту заңына» сәйкес және «2021-2025 жылдарға арналған жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» шеңберінде жұмыссыз адамдарға келесі мемлекеттік қолдау көрсетіледі:

- 1) Кәсіптік бағдарлану, кәсіп тандауға көмек, оқу және жұмысқа орналасу мәселесі бойынша кеңес беру, психологиялық бейімдеу жөніндегі қызметтер.
 - 2) Тегін біліктілікті арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарына жіберу.
 - 3) Алғашқы жұмыс орны бойынша жұмысқа орналастыру.
 - 4) Ұрпақтар келісімшарты бойынша жұмысқа тарту.
 - 5) Лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмыс орындары және жастар практикасына орналасуға жәрдемдесу.
- Бүгінде жұмысқа орналастыруға арналған біраз бағдарлама жүзеге асып, алғашқы нәтижесін беріп те үлгерді. Атап айтқанда:
- * **Әлеуметтік жұмыс орындары.** Бұл бағдарламаға белгілі бір санаттағы азаматтар, көпбалалы аналар, аз қамтылған отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар мен бұрын сотталған немесе пробациядан өтіп жатқан азаматтар қатыса алады. Олар жұмыс беруші тарапынан ұсынған бос орындарға орналаса алады. Мысалы, бұл бағдарлама бойынша Алматыдағы «Магnum» сауда желілері дүкеніне 2 мүмкіндігі шектеулі жан мен 1 пробациядан өтіп жатқан азамат жұмысқа орналасты.

- * **Қоғамдық жұмыс орындары.** Бұл — уақытша жұмыс орны. Оған оқушылар мен студенттер жазғы 3 айлық демалыс кезінде қатыса алады. Алматы қаласын қоғалдандыру жұмысына атсалысып, үш ай жалақы алып, өзінің бос уақытын тиімді жұмсауға арналған бағдарлама.



Қарекет түбді - берекет



*** Алғашқы жұмыс орны бағдарламасы.**

Бұл бағдарламаға кәсіптік оқу орны мен жоғары оқу орнын аяқтаған, қолында дипломы бар, бірақ әлдебір себептермен жұмысқа орналаса алмаған жастар мен жас аналар қатыса алады. Аты айтып тұрғандай, орталық олардың білімі мен кәсібіне қарай, жұмыс орны іздестіріп, алғашқы жұмысына орналасуға мұрындық болады.

- * **Ұрпақ сабақтастығы.** Бұл бағдарлама зейнетке шыққалы отырған тәжірибелі адамның жас маманды белгілі бір мерзімде үйретіп, жұмысқа бейімдеп, зейнетке шыққаннан кейін орнын алмастыруды көздейді. Былайша айтқанда, ұрпақ сабақтастығын жалғау. Зейнетке шыққан маманның орнына жас маманның қабылдануы.

- * **Зейнет жасына тақаған мамандарға**

арналған жұмыс. Аты айтып тұрғандай, зейнет жасына таяп қалған азаматтарға арналады. Олар тұрақты жұмыс істеп, мерзімі келгенде зейнеткерлікке шығады.



➡ **ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

Әнел МАРАТОВА,
банк қызметкері:

«Алматы қаласындағы жұмыспен қамту орталығына ең алғаш рет 16 жасымда келдім. Оқушылар мен студенттерге арналған 3 айлық бағдарламаларға қатысып жүрдім. Студент атанып, университетті аяқтағанға дейін де үнемі барып, орталық тарапынан болатын курстардан қалмадым. Осыдан бір жыл бұрын «Отбасы банк» бөлген мамандық бойынша тұрақты жұмысқа орналастым. Менімен бірге курстарға қатысып жүрген құрбыларым да тұрақты жұмысқа орналасты. Қазір бір жылдан астам уақыт болды «Отбасы» банкінде жұмыс істеймін. Жұмыспен қамту орталығына алғысым шексіз. Өміріме қажетті тәжірибе жинақтадым. Қазір үйреніп көңілге түйгенімді қызметімде қолданып келемін».

*** Жастарға арналған жұмыс орны.** 29 жасқа дейінгі жандарға арналған. Бұған қолында дипломы бар кез келген жас қатыса алады. Егер арнайы білімі болмаса, тегін кәсіптік курстан өтуіне болады.

Орталық маманы: «Осы бағдарламалар бойынша жұмыс іздеген азаматтар өз санаттары бойынша алғашқы жұмыс орындарына орналасып та үлгерді», — дейді.



Жұмыспен қамту орталығының ең басты міндеті — жұртты жұмыспен қамтып, әл-ауқатын арттыру. Орталық мамандары жұмыссыз ретінде тіркелген әрбір азаматқа жан-жақты көмек берілетінін айтады. Біз Гүлзінат Мейірбековадан қаладағы көше мен базар маңын жағалап, жалдамалы жұмыс іздейтін, Алматыда тұрақты тіркеуі жоқ азаматтардың жайын сұрадық. Оның айтуынша, Алматыда тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар да орталыққа жүгіне алады екен. Орталық ұсынатын уақытша бағдарламаларға қатыспағанымен, сұранысқа ие мамандықтарға орналасу үшін өтініш қалдыруына болады.

Бүгінде қызмет көрсету саласындағы мамандықтар сұранысқа ие. Олар: шаштараз, визажист, бет әрлеуші, кондитер, сатушы, тігінші, аспаз. Осы курстан арнайы өткен азаматтар мемлекет тарапынан берілетін мемлекеттік грант алуына болады. Оған аз қамтылған отбасылар, көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар қатыса алады. Олар ең алдымен «Атамекен» кәсіпкерлік

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ:

2021 жыл	
Жұмыспен қамтылғандар	37 мың адам
Оның ішінде	
Тұрақты жұмысқа	27 мың адам
Уақытша жұмысқа	10 мың адам

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 1 031 адам қысқа мерзімді кәсіптік курстардан өтті. Бизнес-идеяларды іске асыруға 1 298 мемлекеттік грант берілді.

2022 жыл (15 наурыздағы мәлімет)	
Жұмыспен қамтылғандар	8600
Оның ішінде	
Тұрақты жұмысқа	1600
Уақытша жұмысқа	7000



палатасының «Бизнес бастау» жобасы бойынша арнайы курстан өтеді. Одан кейін өзінің бизнес жобасын қорғап, қайтарымсыз 400 айлық есептік көрсеткіш (АНК) көлемінде мемлекеттік грантты иелене алады.

«Жұмыспен қамту заңына» сәйкес және ««2021-2025» жылдарға арналған жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасы бойынша да нарықта сұранысқа ие мамандықтарды игеруге жол ашық», — делі Гүлзінат Мейірбекова. Оның айтуынша, бағдарлама аясында жыл соңына дейін мыңдаған адамды қайта даярлау курстарында оқыту жоспарланған.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Суреттерді түсірген автор

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалалық көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1069;

Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңсірішкітерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.